Тізбектілік және қайталау принципі. Информатика пәнінде берілетін білім мазмұны түсінікті болуы және бұрын игерілген білім жүйесіне біртіндеп енгізілуі тиіс. Таным қызметінің бұл түрі тізбектілік принципінен көрініс табады. Тізбектілік принципі белгіліден белгісізге, қарапайымнан күрделіге, білімнен іскерлікке бағытында жүзеге асады. Мұнда оқу материалының мазмұнын логикалық тізбек түрінде құрастырып, онда қайталаулар мен кері оралудың болмауы ескеріледі. Егер қайталаулар кездессе, онда ол тек оқу материалын бекіту мақсатын көздейді деп түсініледі.

Информатикадағы пәнішілік байланыстылық күштілігі пән мазмұнын қайталау принципіне негізделген. Себебі, әрбір ұғым қайталанған сайын жаңа қасиеттерімен байытылып игеріледі. Дәстүрлі мағынада іс - әрекеттің саналылығы студенттің өз әрекеті мен орындаған жұмысын толық түсінуі. Яғни, студенттің білімді меңгеріп, оны шығармашылықпен қайта өңдеуі, білімін практикада қолдануы негізінде жүзеге асырылады.

Саналы көзқарас студенттердің оқуға деген жалпы мақсаты мен міндетіне жауапкершілікпен қараудан басталып, тек білімді меңгеруде емес, іскерлікпен дағды қалыптастыруда маңызды орынға ие болады. Студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыру үшін, оларда ең алдымен оқуға деген саналы көзқарас қалыптастыру қажет. Сонда ғана студент әрекетінде ерекше мәнге ие өзін - өзі бақылау түрі қалыптасады.

Саналылық принципі меңгерген білімді практикада қолдану кезінде ерекше көрініс табады. Сол, себепті студенттер білім мазмұнын ғана емес оның мағынасын терең ұғынуы тиіс. Компьютерлік оқыту мақсаты байланысты саналық принципі кейбір шектеулер жасауға мәжбүр етеді. Себебі, оқытушының аз уақыт аралығында студенттерге компьютер құрылғыларында болып жатқан процестерді толық және түсінікті баяндап шығуы мүмкін емес. Мысалы, Enter пернесін басқанда байланыстың тұйықталуы немесе сыйымдылықтың өзгеруі, операциялық жүйедегі үздіксіз өңдеулер, қолданбалы программалар деңгейіндегі әсерлер мен байланыстар т.б. Ең бастысы, студенттер меңгерген білімдерін жұмыс барысында дұрыс қолдана білуі керек. Бұл кезде оқытушының материалды білуі, ондағы негізгі мәселені таңдай алуы, тиімсіз әрекеттерді шектей білуі маңызды орынға ие болады. Компьютерде программистің, жүйелеуші – конструктордың, оператордың, қолданушының қызметтері әртүрлі. Сондықтан, оқытушы олардың қызметтерін толықтырып отыратын тиімді көзқарас қалыптастыру арқылы студенттердің жан – жақты білім беруді қамтамасыз етуі тиіс. Білімді меңгеру деген саналылық есте сақтаудың ең маңызды шарты болып табылады.

Саналы көзқарас тек білімді меңгеруде ғана емес іскерлік пен дағды қалыптастыруда да айрықша роль атқарады.

Белсенділік және дербестік принципі. Белсенділік принципі студенттердің әрекетінде әртүрлі көрініс табады. Мысалы, студенттердің өз әрекетін бақылауы, дос-құрбыларының жұмысын бақылауы, алгоритмге өзгеріс енгізуі, өз алгоритмін құру әрекеті белсенділік принципіне негізделген. Оқытушы студенттерге тапсырма беріп компьютерге отырғызғанда, олардың белсенділігін арттыруды көздейді. Бұл жағдайда студенттердің өздеріне деген сенімі артып, бір – бірімен сұхбаттасу арқылы өзара оқыту орын алады. Оқу дербестігі көп жағдайда белсенділікке байланысты болады. Студент теориялық материалды белсенді қабылдағанымен, оны дербестік деп толық айтуға болмайды. Ал, студенттің оқытушыдан көмек сұрауы белсенділіктің көрінісі болғанымен, дербестікке жатпайды. Дербестік оқытушының студенттерге тапсырмалар беріп, олардың өз бетінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оқу дербестігіне студенттердің кез–келген жағдайдан өздігінен шыға білуі, ғылыми–көпшілік әдебиеттерді, баспасөз материалдарын пайдалана білуі жатады. Студенттің компьютерде зерттеу жүргізуі, нәтижеге жетуді өзіне мақсат ете білуі, ЭЕМ-ді қолданатын болашақ кәсіби қызметінде программалаушыдан барынша тәуелсіз болуы дербес дамуының белгісі. Студент шығармашылық әрекетке көшкенде дербестік толық орын алады.

Түсініктілік және шамаға лайықтылық принципі көбінесе оқытудың мазмұнына емес, оқытудың әдісіне қолданылады. Мысалы, информацияның графиктік түрде берілуі түсініктілік принципін қамтамасыз етеді. Шамаға лайықтылық принципі – білім мазмұнының студенттің шамасына сай болуын қамтамасыз етеді. Бұл принцип студенттердің танымдық белсенділігн арттыруға ықпал жасап қана қоймай, олардың жалпы дамуына оң әсерін тигізеді. Мысалы, пән мазмұнының жеңіл болуы студенттердің ойлау белсенділігін төмендетеді, оқуға деген ынтасын кемітеді. Оқу мазмұнының шамадан тыс қиын болуы студенті табысқа жеткізбейді. Табыстың болмауы студенттің өзіне деген сенімін жояды. Мұнда оқытушының оқытуы мен студент дамуының арасында тәуелділік пайда болады. Сондықтан, оқытушы студенттің танымдық мүмкіндігін ескере отырып, оқу процесін жоспарлы жүргізуде түсініктілік және шамаға лайықтылық принципін негізге алуы тиіс.

Мазмұн мен іс-әрекеттің көрнекілік принципі оқытушының оқыту процесіне есту-көру (аудио-визуалды) техникалық құралдарды, кітаптар, кестелер секілді әртүрлі көрнекіліктерді, оқу құралдарын пайдалануынан көрініс табады. Л.С.Выготский оқыту кешегі емес, бала дамуының ертеңгі күніне бағдарлануы тиіс деп атап өтеді. Оқытушы студенттердің таным әдістерін, оқу іс-әрекетінің жалпы әдістерін білуге, білімді өз бетінше алу мен өздігінен оқуға үйретуі тиіс. Мұнда жай әңгімелеу жеткіліксіз, студентте таным әдістерінің сезімдік бейнесі мен ойлау тіректері жоқ. Бұл жерде көрнекі және жеңіл қабылданатын сызба, кесте, график немесе қандай да бір өзгеше түрдегі әдістер моделімен және танымдық әрекеттер әдісімен қамтамасыз ету қажеттігі шығады. Оқытудың пәні сезімдік қабылдау моделдері, олар арқылы жүзеге асатын таным әдістер мен тәсілдер танылады.

Информатика курсын оқытуда көрнекіліктің бірнеше түрі қолданылады. Мысалы, көрнекілік студенттерді өмірде бар объектілермен таныстыруды көздейді. Көлемдік көрнекілік ақиқат дүниенің көлемдік бейнесін беру мақсатында қолданылады. Оған фото-суреттер, диапозитив, дыбыссыз кино, т.б. жатады. Дыбыстық көрнекіліктер-дыбыстық бейнелер, шығармалардан үзінді оқу, дауысты таспаға жазу, шет тілін үйренуге магнитофонды пайдалану, т.б. қамтамасыз етеді. Символдық және графикалық көрнекіліктер абстрактылы ойлауды дамытуды мақсат етеді. Мұндай көрнекіліктер болмысты символ түрінде сипаттайды. Мысалы жоспарлар, карталар, схемалар, диаграммалар, т.б. суреттерді анимациялау, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципті жүзеге асырылуы болып табылады. Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Компьютерде студенттер графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы обьектілерді өзгерте алады, ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндік жоқ.

Дидактикада көрнекілік принципінің негізін салушы деп чех педагогы Я.А.Коменскийді (1592-1670) айтады. Ол «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципінің негізін қалады [2]. Я.А.Коменский көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын обьекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді-көру сезімдерімен, естуді-есту мүшелерімен, иісті-иіс сезу мүшелерімен, дәмді-дәм сезу мүшелерімен, жанасуды-сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды».

Информатика пәнінде бір информацияны бірнеше әдіспен бейнелеп көрсету мүмкіндігі көрнекілік принципіне негізделген. Мысалы, блок–сүлбелер алгоритмдердің құрылымы мен орындалу бағытын көрнекі көрсетеді. Программалау тілдерінің синтаксистік құрылымы мен олардың орындалу жағдайы алгоритм текстерін жазу кезінде көрнекі түрде беріледі. Суреттерді анимациялау, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципінің жүзеге асырылуы болып табылады. Сонымен, көрнекіліктерді тиімді қолдану студенттердің танымын кеңейтуге оң әсер ететіндіктен, оны оқу процесінің барлық кезеңінде қолдануға болады.

Білімнің беріктігі және жүйелілігі принципі білімді берік, әрі жүйелі меңгеруді көздейді. Беріктілік принципін жүзеге асыруда, ең алдымен, білім мазмұнындағы негізгі мәселелерді даралап алу айрықша мәнге ие. Оған қол жеткізу үшін жаңа сабақты талдау мен оны алғашқы бекіту кезінде басты мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет. Үй тапсырмасы мен аудиторияда орындалатын жұмыстардың барлығы осы мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. Білімнің беріктігі және жүйелілігі принципі оқыту мақсатынан оқу материалының логикалық құрылымынан студенттің ойлауы мен дамуынан көрініс табады. Сондай- ақ, пән мазмұнының жеке бөлімдері мен тақырыптары арасындағы және басқа пәндер арасындағы байланыстарды орнатуда бой көрсетеді. Білімнің беріктігі пәнішілік және пәнаралық байланыстарды құруға негізделген жүйелілікпен тығыз байланысты. Жүйелілік принципі информатика курсының жеке тақырыптары мен тараулары, бөлімдері арасындағы және басқа да жеке пәндер арасындағы байланыстарды орнатуда көрінеді. Басқаша айтқанда, адамның есінде өзара байланысты ұғымдар берік сақталады, ал жеке байланысқа тәуелді ұғымдар мидың қызмет өрісінен шығып қалып, ұмыт болуына себеп болады. Қабылдау үдерісінде жадта сақталған ақпараттар мен сол объектіні қабылдау үдерісінде алынған жаңа іздердің өзара әрекеттесуі жүреді. Жадта тіркелген жеке тәжірибе қабылдау үдерісі мен оның нәтижелеріне едәуір әсер етеді.

Оқу үдерісін ғылыми ұйымдастыру мен оқыту теориясы үшін қабылдау көлемі мен ақпарат қозғалысы тиімділігін арттыру маңызды болып табылады. Егер де сәйкес көлемде ақпарат ағынының бағыты мен таралуы сәйкес көлемде негізделмеген болса, онда оның мазмұны білімге айналып өңделмейді. Студенттерге берілетін ақпарат не білімге айналуы, не айналмауы мүмкін. Ақпараттың білімге айналуы дидактикалық шарттардың орындалуына байланысты. Оқу ақпаратын тиімді берудің кейбір шарттары мынадай: жаңа материалды хабарлаудың міндетін нақты анықтау керек; форма мен оны хабарлау құралдарын негіздеу керек; ақпараттың көлемі бойынша оның қабылдану мүмкіндігін бағалау қажет; ақпаратты білімге айналдыру үшін оны қабылдауға студенті дидактикалық және психологиялық дайындау қажет. Бұдан басқа мотивсіз ақпаратты хабарлау оқытуда күтілетін әсерді бермейді: студент қажетті материалды қабылдауға дайын болмай қалуы мүмкін. Оқу ақпаратын адамның қабылдауындағы көру талдауышының басымдық беретін көрнекілікке негізделген бейнелер әртүрлі материалдар жайында студенттің пікірі қалыптасуына жеткілікті түрде тиімді әсер етеді деуге болады.

1 Қ.Қарақұлов. Педагогика. Алматы, 2000. – Б. 27-28.
2 Я.А.Коменский. Великая дидактика. Москва. 1970. – С. 320-321.

УДК 372.851

Б.А. Баймухамедова

АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА ВЫСШЕЙ МАТЕМАТИКИ

(г. Алматы, АУЭС)

Бұл мақала жоғары техникалық оқу орындарында академиалық сағаттардың қысқаруына байланысты математика пәнінің оқытушыларына үйлесімді білімді беру, ал студенттерге жоғары деңгейде білімді алу үмітін береді. Мұнда автор әрбір математика пәндері бойынша техникалық жоғары оқу орынының бағдарламасына бейімделген оқыту сұлбасын ұсынып отыр. Осының негізінде студент өздігімен тізбектей дұрыс амалдар қолданады. "Қызықты сұрақтар" және басқа да ерекше әдістер оқытушылардың еңбегін жүйелеп құрады және студенттердің танымдық үрдісінің белсенділігін арттырады. Бұл мақала жоғарыда аталған дидактикалық мәселені шешуде өз үлесін қосып отыр.

This article presents a hope to a higher mathematics lecturer for optimal knowledge sharing and to students for acquiring knowledge in difficult times of class period shortening in technical universities. The author presents an adaptive scheme for each mathematical discipline being included into educational program of a higher school. Studying these schemes a student chooses consciously the right sequence of operations. "Amazing questions" and other features of methodology that stated here, structure lecturer's work and drisk up student's cognitive process. The given article makes its contribution to solving this didactic problem.

Известно противоречие в образовании между коллективным обучением и индивидуальным усвоением. В нашем положении "бакалавриат" когда "пятилетку" надо выполнить в "четыре года" это противоречие преодолеть гораздо труднее. Было время, когда курс Высшей математики читался в четыре семестра, а сейчас в два, с уменьшением числа часов и эта тенденция будет еще существовать. Что же делать нам, преподавателям, чтобы не свести обучение к зазубриванию справочного материала? Как побудить интерес к предмету, к развитию логического мышления?

Как-то в одной из передач «Что? Где? Когда?» знатокам был задан вопрос [1]:

- Какое человеческое чувство служит импульсом познавательного процесса?

Оказалось, чувство удивления. Удивился чему-то – значит отправил в свободную ячейку памяти и в нужный момент, за считанные доли секунды, удивительная информация всплывает, как на экране компьютера.

Теперь вопрос: "Как заставить студентов удивляться?" (читай, как закладывать крепкие знания)?

Можно удивлять с помощью необычных вопросов к теме.

Есть вопросы, которыми я уже не один год пользуюсь, но бывает, что они возникают спонтанно. В связи с этим вспоминается одна лекция по теории вероятности:

"Только что, я успела вывести и записать на доске формулу Бейеса, как, вдруг грохот, шум, топот бегущих ног над головой, а до звонка еще вроде далеко. Надо сказать, что лекция проходила в ГУКе политехнического института, в тот год нас присоединили к ним. Студентам II курса бывшего АЭИ было неуютно в этом огромном, мрачном здании, в аудиториях – амфитиатрах, похожих на катакомбы. Первая мысль – землетрясение. Казалось, все ждали моего решения. Окна были слишком высоко, до них не добраться. Если скомандовать: «Покинуть помещение!», то получиться только давка. Но в это время, наверху, все стихло, видимо, преподаватель отпустил группу минут на 10 раньше. Все выдохнули! Я повернулась к доске и, глядя на формулу Бейеса:

$$P_A(H_i) = \frac{P(H_i) \times P_{H_i}(A)}{\sum_{i=1}^{n} P(H_i) \times P_{H_i}(A)}$$

спросила:

- Почему землетрясение в Армении было таким неожиданным? Как Вы думаете большая ли разница между:

$P_{Hi}(A)$ – вероятностью землетрясения именно в Армении и

$P_A(Hi)$ – вероятностью этой гипотезы после того, как землетрясение уже произошло?

Постучала мелом по знаменателю:

- Это полная вероятность, где все Hi - составляют полную группу событий.

Вот, где была заложена ошибка при расчете вероятности землетрясений и не только в Армении. Не все факторы, влияющие на землетрясение были учтены.

Не только близость морей, не только горная местность, словом, не только природа влияет на человека, но и человек на стихию.

- Вспомните какие события происходили накануне этого землетрясения?

Не зря ученые все больше и больше говорят о силе биосферы человека, ее сила и не была учтена Бейесом. И не только им.

Итак, начнем с Аналитической геометрии.

- Как Вы думаете, чем отличается аналитическая геометрия от начертательной?

Обязательно, дождитесь от них правильного ответа. Этим самым Вы преследуете две цели:

а) они понимают, что на лекции тоже надо думать, а не просто успевать записывать.

б) тот факт, что правильный ответ нашел один из студентов, воодушевляет остальных и вышмат уже, наверное, не так страшен как его название.

- Если бы Аль-Фараби, который занимался, как Вы знаете, алгеброй и Пифагор – геометрией жили бы в одно и то же время и могли бы переписываться, смогли бы они понять друг друга?

Подождите секунду, другую, чтобы они успели удивиться. С места слышится робкое: "Нет".

- С помощью какого математика они смогли бы понять друг друга только в XV веке? Имя его Вам известно.

Подождите секунду, другую, если не отвечают, молча начертите на доске систему координат XOY. В ответ множество радостных возгласов –"Декарт".

Энгельс отметил, что с помощью системы координат Декарта возникла динамика в математике, т.е. алгебра и геометрия пошли навстречу друг другу. И первую фразу, которую они должны записать:

“Аналитическая геометрия (АГ) устанавливает взаимно-однозначное соответствие (ВОС) между геометрическими фигурами и их алгебраическими уравнениями”.

Проследите за собой, чтобы это ВОС красной нитью прошло через всю АГ.

При решении систем линейных неоднородных уравнений я спрашиваю, что лучше получить единственное или множество решений? Студентам ясно, что на уроке математики получить четкое единственное решение лучше. Я спрашиваю: а в жизни? если эта система представляет систему обеспечивания районов города электроэнергией. Студенты понимают теперь, что лучше множество решений. Но самое главное установить “зависимость базовых от “свободных” неизвестных. Диспетчер, а многие из студентов могут быть ими, регулируют эту зависимость.

Нахождение производной сложной функции на практике я сравниваю с приготовлением голубцов из капусты:

Например $y = \ln^5\left(tge^{\sin x^2}\right)$ Найти y'.

Эту функцию я обзываю капустой, из которой нам надо приготовить голубцы. Как экономная хозяйка, аккуратно отрывая лист за листом, мы добираемся до самой кочерыжки, очень похожей на единицу.

$$y' = 5\ln^4\left(tge^{\sin x^2}\right)\times\frac{1}{tge^{\sin x^2}}\times\frac{1}{\cos^2 e^{\sin x^2}}\times e^{\sin x^2}\times\cos x^2\times 2x\times 1.$$

Процесс дифференцирования, как и процесс приготовления голубцов, заканчивается, как только мы доходим до I, похожей на кочерыжку”.

На практических занятиях и в типовых расчётах (Т.Р) при нахождении dy студенты в основном испытывают трудность в нахождении производной, а затем механически приписывают *dx*, а то и вовсе забывают и не видят в этом особой разницы. Своим вопросом – “Что легче?”

“Что можно удержать на кончике пальцев дифференциал или производную?”

Этими вопросами заставляю почувствовать огромную разницу между y' и dy. Равенство $\Delta y \approx dy$ я называла великим приближенным равенством. И при приближенном вычислении я обязательно требовала оценить погрешность $\alpha\cdot\Delta x \le \Delta x^2$.

- А что, если вашему заказчику понадобится еще более высокая степень точности? Что вы будете делать?

- Еще точнее вычислять.

- А возможно ли это? - Они задумываются.

И я им даю совет.

- Вы разведите руками и скажите. “Это пока все, что мы можем, но если он (заказчик) подождет до весны, тогда вы (студенты) с помощью рядов сможете подсчитать ему с любой степенью точности”

Так, они впервые слышат, вроде обыденное слово “ряды”, но ждут некоторого чуда.

Теорию поля я называю укреплением корневой системы.

До этой темы мы укрепляли наши знания курса мат. анализа с помощью самой математики.

А теперь посмотрим на всю математику (элементарную и высшую) глазами физика. Он видит в ней два поля – скалярное и векторное. Он должен охарактеризовать их качественно и количественно.

- Сколько направлений вы можете указать из точки $M_0(x_0, y_0, z_0)$ на поверхности $U(x, y, z)$?

- А какое направление вас, как будущих инженеров, будет интересовать?

- Правильно, то направление, по которому скорость изменения этого поля будет максимальным. Это и будет вектор $gradU(M_0)$.

– Как прокомментировать ситуацию, когда $div\vec{a}(M_0) < 0$?

Например, $div\vec{a}(M_0) = -2$, (-2 чего?) в каких единицах измерения?

Я шучу: *вызываем слесаря, чтобы он заткнул сток, мощностью 2 единиц плотности.*

А что означает, что $div\vec{a}(M_0) = +2$, кого вызываем? Это источник, мощностью 2 ед. плотности и мы вызываем гидрогеолога. Он что-то подсчитывает и говорит, что бурить в этой точке скважину невыгодно, затраты на бурение превысят стоимость источника. А где же бурить? Как ему помочь? Естественно, надо дать время сообразить и подбодрить словами “Вы это сможете!”

- Ищем $\max div\vec{a}(x, y)$.
- Почему Иссык-Куль мелеет? А Каспий – наоборот?
- Все радостно кричат, потому что $div\vec{a} < 0$.
- Чем объяснить, что $div\vec{a} < 0$? Иссык-Куль-впадина, образовавшаяся при рождения наших гор. И, вероятно, на дне есть какие-то разломы, трещины. А на дне Каспийского моря появились, вероятно, какие-то источники.
- Как называется поверхность, у которой $div\vec{a}(M_0) = 0$?

Кто-то открывает лекцию и отвечает: “соленоидальная”

- А что такое соленоид? Как перевести на русский язык?
- Это такая катушка.
- Катушка похожа на трубку, на кран водопровода – т.е. трубчатая поверхность. На сколько отвертываешь кран, столько воды и выливается, т.е. нет ни стоков, ни источников.
- Как переводится $rot\vec{a}(M_0)$ - вектор чего?
- Вихря!

Если $rot\vec{a}(M_0) = 0$, то поле безвихревое, т.е. потенциальное, придется найти его потенциал.

Прежде чем дать определение дифференциальному уравнению, я провожу диалог со студентами.

- Какие типы уравнений Вам знакомы?

Алгебраические, тригонометрические, логарифмические, показательные уравнения.

- Как Вы отличаете эти уравнения друг от друга? Например, тригонометрические?
- Если переменная стоит под знаком тригонометрической функции.
- А логарифмическое?
- Если переменная стоит под знаком логарифма?
- А дифференциальное?
- Если переменная стоит под знаком дифференциала.
- Какое это уравнение $dy + tgxdx = 0$? Где y - неизвестная функция от *x*, тригонометрическое или дифференциальное?

Я всегда рада, когда студенты не бездумно выкрикивают, что это дифференциальное уравнение, а сомневаются: вроде переменная x стоит под знаком тригонометрической функции, но и переменная y стоит под знаком дифференциала.

Я отсылаю их к задаче, приводящей к понятию дифференциального уравнения.

- Что требовалось найти в задаче?

- Траекторию движения $S(t)$

- Мы нашли функцию S в зависимости от t.

- Так что же в этой задаче является переменной, искомой?

И в ответ – “функция!”

Т.е. решением дифференциального уравнения является более сложная структура – функция действительного переменного, чем решение школьных уравнений – множество действительных чисел.

- Каким оружием уничтожают дифференциалы, чтобы освободить искомую функцию от них?

- Интегрированием.

Даю определение обыкновенным дифференциальным уравнениям.

- А как будет называться дифференциальное уравнение, где искомая функция зависит от нескольких переменных?

- Необыкновенное!

Объясняю, что тогда они будут называться уравнениями в частных производных.

- А если искомая функция зависит от комплексного переменного?

Этими вопросами я подвожу студентов к понятию, что природа математических абстракций бесконечна, как бесконечен мир, который она отображает.

Как-то, при чтении формулы Бейеса, я вспомнила давнишнее семинарское занятие по философии, когда преподаватель задал вопрос:

- Почему Карл Маркс и Ф. Энгельс так упорно изучали математику и хорошо в ней разбирались? В чем основная заслуга математики в их учении?

И только один из нас правильно ответил: они проверяли верность своих постулатов с помощью математических формул.

Теперь я студентам задаю свой вопрос:

- В чем ошибались Карл Маркс и Ф. Энгельс, ставя во главу угла математику в своих учениях, почему их идеи потерпели неудачу?

А в том, что в знаменателе формулы Бейеса у них была не совсем полная вероятность P(A): не все факторы влияющие на структуру общественного строя были учтены.

- Почему так к месту я вспомнила занятие по философии, проходившее 40 лет назад?

Потому, что я удивилась тогда необычности вопроса и ответа.

Удивилась! И вопрос с ответом отправила в ячейку памяти. В нужный момент, пусть хоть через 40 лет, они вынырнули, но уже наполненными новыми знаниями и понятиями. Т.е. они – вопрос и ответ не просто сидели и ждали в отведенной ячейке моей памяти, а развивались и преобразовывались.

В самом начале обучения, когда считаете удобным, на лекции или на практических занятиях “ показать”, именно показать, на доске древний философский парадокс: Чем больше человек знает, тем больше он не знает.

И начертить на доске



Чем меньше область знания, тем меньше граница l_i с незнанием. По мере учебы, прорывая границу l_i, увеличивая область знания, мы получаем еще большую границу l_j с незнанием.

1. Баймухамедова Б. Дневник типичного представителя…- Алматы, 2000. -132 с.

ӘОК 539.015.016

А.Н. Бахтибаев, Д.К. Алимов, Ф.С. Кудратуллаева*, А. Серікқызы*

ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ ҚЫСЫМНЫҢ ЦЕМЕНТ ТАСЫНЫҢ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІ

*(Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, *-магистрант)*

Методами водонасыщения, малоуглового рентгеновского рассеяния, протонно-магнитного резонанса и дилатометрии определены пористость цементного камня. Установлено, что более мелкие микропоры (<10нм) целесообразно определить методом ПМР, а сравнительно крупных (10-350нм) – МРР методом. Показано, что зависимость пористости от гидростатического давления не зависит от метода определения пористости. Установлено, что микротвердость кристаллов 8-17 раза выше микротвердости квазикристаллической области цементного камня. Определена влияние гидростатического давления на пористость, прочность при растяжении и сжатии, а так же на микротвердость цементного камня.

Methods of water saturation, small-angle x-ray dispersion, a protonno-magnetic resonance (PMR) and dilatometry are defined porosity of a cement stone. It is established that smaller micropores (<10nm) are expedient for defining a method of a protonno-magnetic resonance, and rather large (10-350nm) – small-angle x-ray dispersion by a method. It is shown that dependence of porosity on hydrostatic pressure doesn't depend on a method of definition of porosity. It is established that microhardness of crystals 8-17 times above microhardness of quasicrystal area of a cement stone. It is defined influence of hydrostatic pressure on porosity, durability at a stretching and compression, and as on microhardness of a cement stone.

Цемент материалдарының құрылымы тепе-теңсіздікте және гетерогенді болғандықтан, зерттеуге үлгі дайындау ерекше көңіл аударуды талап етеді.

Бір бағытта созу және қысу үшін екі формада, ұзындығы 25мм және көлденең қимасы 4×6мм^2 «сегіз» формасындағы және «параллелепипед» формадағы үлгілер дайындалған.

«Сегіз» түріндегі формаға, Шымкент цемент зауытының М400 маркалы, 3:1 қатынаспен суға қосылғанцементі құйылады; бір минутқа жуық мерзім аралығында вибрацияланады; 3 сағаттан кейін формадан шығарылып, 21 сағат аралығында ауада кептіріледі. 28 тәулік суда ұсталады, кейін 28 тәулік ауада кептіріледі. Алынған үлгілер арнайы бір бағытта созатын қондырғыда бір бағытта созып беріктілігі анықталады.

Цемент тасы үлгісін қысып беріктілігін анықтауда үлгінің формасы, параллелепипед түрінде алмаз арасымен кесу, шлифтеу мен полировкалау арқылы, 12×6×6мм^3 өлшемде дайындалады. Дайындалған үлгілердің беріктілігі *Р–0,5* қондырғыда анықталады.

Гидростатикалық қысымның әсерінен цемен тасы кеуектілігінің өзгеруі сумен қанықтыру, дилатометрия, рентгенография, протонды магниттік резонанс тәсілдерімен анықталған [1,2].



1-сурет

Цемент тасын сумен қанықтыру тәсілімен анықталған кеуектіліктің гидростатикалық қысымға тәуелділігі 1-суретте көрсетілген.

Бұл тәсілдің сезгіштігі үлгі бетімен жалғасқан кеуектерге байланысты екендігін ескеру керек.

Осы сияқты (1-сурет) тәуелділік дилатометриялық тәсілмен де алынған. Дилатометрия тәсілінде үлгі көлемінің интегралды өзгеруінің тіркейтіндігі, яғни кеуектер саны мен өлшемдерінің өзгеруін анықтайды. Мұнда үлгінің бастапқы күйіндегі кеуектілік шамасын анықтауда белгісіздіктер орын алатындығы белгілі.

Цемент тасы үлгісінен кіші бұрышты рентген сәулесінің шашырау интенсивтілігіне гидростатикалық қысымның әсері 2-суретте көрсетілген.

Алынған қисықтарды жанама тәсілімен өңдеу арқылы әртүрлі микрокеуектердің өлшемдерін, көлемдерін және концентрацияларын анықтауға болады. Цемент тасы үлгілеріне гидростатикалық қысым әсер етпеген және *1ГПа* қысым әсер еткен кездегі микрокеуектердің концентрациясы және өлшемдері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте

Қысым, ГПа	Микрокеуектер концентрациясы, $м^{-3}$		
	25-55 нм	55-130 нм	130-260 нм
0	$1,0 \cdot 10^{21}$	$1,1 \cdot 10^{20}$	$8,3 \cdot 10^{18}$
1	$0,7 \cdot 10^{21}$	$4,8 \cdot 10^{19}$	$2,4 \cdot 10^{18}$

Әртүрлі гидростатикалық қысымда кіші бұрышты рентген сәулесінің шашырау мәліметтерін өңдеу арқылы кеуектердің интегралды көлемінің гидростатикалық қысымға тәуелділігін анық болған. Алынған мәліметтерге қарағанда кеуектердің жалпы көлемі сумен қанықтырылған тәсілмен анықталған кеуектер көлемінен кіші болғаны байқалады. Кіші бұрышты рентген сәулесінің шашырау тәсілі жабық және ашық кеуектерге сезгіштігі бірдей болғанымен, тәсілдің кеуектер өлшемі ≈10нм ден 350нм аралығында болған кеуектерді анықтай алады. Өте кіші өлшемді және үлкен өлшемді кеуектерді анықтай алмайды. Кіші өлшемді кеуектерді паротондық магниттік резонанс тәсілі, ал үлкен өлшемді кеуектерді оптикалық микроскоп тәсілі анықтайды [2].



2-сурет

Сумен қанықтыру, дилатометрия, рентгенография, протондық магниттік резонанс тәсілдерімен анықталған салыстырмалы бірліктегі кеуектіліктің гидростатикалық қысымға тәуелділігі қисығы бірдей екенділігі анықталды (3-сурет).



3-сурет

≈0,2ГПа қысымға дейін цемент тасының кеуектілігі өзгермейді, ал *0,2ГПа* қысымнан жоғары қысымда кеуектіліктің тез төмендегені байқалады (1,3-сурет). *1ГПа* қысымдағы кеуектілік бастапқы үлгінің кеуектілігінен 2–4 есе кіші екендігі анықталған.

Цемент тасынан жасалған үлгіні бір бағытта қысқан (1) және созған (2) кездегі беріктілігінің гидростатикалық қысымға тәуелділігі анықталған (4-сурет).



4- сурет

Суретке қарағанда жобамен *0,3ГПа* қысымнан бастап цемент тасының беріктілігі бірденнен көтеріліп, үлкен қысымда (*~0,6 ГПа*) беріктіліктің өсуі баяуланатындығы көрініп тұр. Гидростатикалық қысымның үлгіні беріктендіруі үлгі кеуектілігінің төмендеуіне сәйкес келуін байқауға болады (2,3-сурет).

Цемент тасының кристалдық және квазикристалдық бөліктерінің микроқаттылығының гидростатикалық қысымға әсері анықталған (5,6 сурет).



5-сурет



6-сурет

Суретке қарағанда екі компоненттің де микроқаттылығы қысым өскен сайын өсетіндігі көрініп тұр. Сонымен қатар кристалиттердің микроқаттылығы квазикристалиттердің микроқаттылығынан бірнеше үлкен екендігі анықталған. Үлгінің беріктілігіне (қысқан және созған кездегі) гидростатикалық қысымның әсерінде жобамен *≈0,2ГПа* қысымнан төмен қысымда үлгі беріктілігі өзгермейтіні секілді, микроқаттылыққа да бұл қысым аралығында қысым әсерін тигізбейді екен.

Сонымен гидростатикалық қысым цемент тасынан жасалған үлгінің кристалдық және квазикристалдық бөліктерінің кеуектілігін төмендетудің арқасында үлгі беріктілігі және микроқаттылығының өсуіне негізгі себеп екендігі анықталды.

1. «Жаратылыстану ғылымдары және педагогиканың өзекті мәселелері» ғыл.-прак. конф. материалдары, Түркістан, 2011,133б.

2. Бензель Б.И., Егоров Е.А., Жиженков В.В., Клейнер В.Д.. Инженерно-физический журнал, 1985, №3, 461б.

ӘОК 539.015.016

А.Н. Бахтибаев, Д.К. Алимов, А. Серікқызы*, Ф.С. Кудратуллаева*

КЕРАМИКА БЕРІКТІЛІГІНІҢ МИКРОКЕУЕК АНСАМБЛІНЕ ТӘУЕЛДІЛІГІ

*(Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, *-магистрант)*

Для исследования пористости SiC керамики приготовлены пять типов керамики различной технологией изготовления. Методами малоуглового рентгеновского рассеяния, протонно-магнитного резонанса, оптическим микроскопом и дилатометрии определены пористость керамики. Суммарная пористость керамики определяемые методами МРР, ПМР и оптической микроскопии хорошо совпадает с пористостью измеренной дилатометрическим методом. Определена связь между прочностью керамики от их пористости. Показано что, с ростом пористости керамики их прочность резко уменьшается.

For research of porosity SiC of ceramics five types of ceramics are prepared by various manufacturing techniques. By methodssmall-angle x-ray dispersion, a protonno-magnetic resonance (PMR), an optical microscope and dilatometry are defined porosity of ceramics. Total porosity of ceramics defined by methods small-angle x-ray dispersion, PMR and optical microscopy well coincides with porosity measured dilatometry the metahouse. Communication between durability of ceramics from their porosity is defined. It is shown that, with growth of porosity of ceramics their durability sharply decreases.

Дененің беріктілік шегі деген түсінікті шартты түрде қолданамыз, себебі ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда, көптеген материалдар үшін беріктілікке температура, денені жүктеу шарты және тағы басқа параметрлер әсер ететіндігі дәлелдеуген. Гриффитс өзінің ұсынған теориясында, теориялық беріктілік пен нақты беріктіліктің бір-біріне сәйкес келмеуін дененің ішінде кеуектердің болуымен түсіндірген. Бұл теорияның дұрыс екендігін А.Ф.Иоффе ас тұзы монокристаллының беріктілігін ауада және ас тұзы ерітіндісі орталарында бір бағытта тарту арқылы анықтап дәлелдеген [1].

Қатты денелердегі кеуектерді зерттеуге кіші бұрышты рентген сәулелерінің шашырау (КРШ), протонды магниттік резонанс (ПМР), оптикалық және сканерлейтін электрондық микроскоп, дилатометрия тәсілдерін, КРШ тәсілдің негізгі теориясын белгілі дәрежеде қолданған, әрі жеткілікті дәрежеде қарастырған [1]. Шашыраған рентген сәулелері интенсивтілігінің бұрышқа тәуелділігінен кеуектердің өлшемдерін және концентрациясын анықтауға болады. Бірақ өлшенген нәтижелерді талдауда бірқатар мәселелер орын алады, яғни электрондық тығыздықтың біртексіздік түрін бір түрге келтіру мәселесі орын алады. Сондықтан жұмыста шашыраған сәулелердің микробіртексіздік, яғни кеуектермен байланыстығын, шашырау компонентімен байланыстылығын ажыратып алу жолы ұсынылып, іске асырылған. Ұсынылған жол зерттелетін материалдарға әсер еткенде, ондағы өзгерістер құрылым ақаулардың тек кеуек қосындыларының өзгеруіне және шашырау бұрышын таңдағандағы екі ретті Брэгг шашырауын есепке алмайтын бұрышты алуға, яғни өте кіші бұрышта шашырау негізінде алынған. ПМР тәсілін микро- және нанокеуектерді анықтауға қолдану, керамикада екі физикалық эффектке негізделген – мұздың балқу температурасының кеуек бетінің қисықтық радиусына тәуелділігі және су мен мұз ПМР спектрі формасының әр түрлі боуына негізделген (1-сурет).

Судың ПМР спектрін жұту сызығы жіңішке, ал мұздың жұту спектрі қалың. Осы екі физикалық құбылысты ескеріп, егер үлгіні сумен қанықтырсақ, ары қарай мұздатып және біртіндеп жылыту барысында ПМР спектрінің жұту сызықтарын алып отырсақ, кеуектер өлшемі жөнінде мәлімет алып отыруға болады.

Егер спектрдің жіңішке компоненті жоқ болса, оның жоқ болуы төмен температурада орын алады, олай болса бұл температурадағы үлгіде судың болмайтынын көрсетеді. ПМР тәсілінде үлгідегі барлық сулар ескеріледі, яғни ең кіші өлшемдегі кеуектердің ішіндегі сулар да ескеріледі. Су мен қаныққан үлгі ПМР спектрометрде -150^{0}С температураға дейін суытылады, бұл температурада ең кіші өлшемдегі кеуектер ішіндегі сулар да мұзға айналады, ондай құбылыстың болуын ПМР спектрінің формасынан байқауға болады. Бұл температурада спектрдің түрі поликристалды мұз спектріне сәйкес келеді, яғни спектр тек бір кең компонентке ие [2].



1-сурет

Мұздатылған үлгіні жылыта бастағанымызда, бірінші ретте ең кіші өлшемдегі кеуектердің ішіндегі мұздар ери бастайды, ары қарай температураны көтеру барысында, үлкен өлшемдегі кеуектердің ішіндегі мұздар да ери бастайды.

Дегенмен, микрокеуектердің шекарасындағы сулардың құрылымы, су көлемінің ішіндегі құрылымнан өзгеше болғанмен, олар спектрдің жіңішке компонентіне ғана әсерін тигізеді [3, 4]. Материалдың кеуектілік дәрежесі жөніндегі мәліметтерді ПМР арқылы алынған кеуектер өлшемдерінің таралу қисығы арқылы алуға болады. ПМР тәсілі арқылы әр түрлі температурада судың мөлшерін өлшеу арқылы мұзы еріген кеуектердің көлемін табуға болады. Әрбір температураны белгілі өлшемдегі еріген бөлшектермен салыстыра отырып, ашық кеуек көлемінің кеуек көлемі бойынша таралу қисығын есептеуге болады.

ПМР спектрін магнит өрісі аз шамаға модуляцияланған режимде *30МГц* жиіліктегі автодинді генераторлы спектрометр арқылы ПМР спектрі тіркелген. ПМР спектрінің ауданы жалпы тіркелген резонансталған протонның санына пропорционал [3, 4].

Үлгідегі барлық су мұзға айналған кездегі спектрдің формасы Гаусс қисығын береді, сызық экстремум арқылы, яғни сызықтың ені $\delta H=1,16мТ$, ал үлгідегі барлық сулар сұйық күйге өткен кезде спектрдің формасы Лоренц қисығын береді, ПМР сызығының ені $\delta H=1,15мТ$ аралығында жатады. Орта температура аралығындағы үлгінің ПМР спектрі күрделі формаға ие, ол қабаттасқан жіңішке және қалың сызықтардан тұрады (2-сурет).



2-сурет

Гаусс формасындағы сызықты Лоренц формасындағы сызықтан ажыратсақ, кеуектегі судың қандай бөлігі сұйық фазада, қандай бөлігі қатты фазада болатынын анықтауға мүмкіндік туады. Сұйық фазадағы салыстырмалы су мөлшері жіңішке компонент ауданының (S_y) жұту спектрінің толық ауданына (S) қатынасымен анықталады, яғни

$$C_m=S_y/S \qquad (1)$$

Кеуектердің өлшемін анықтау үшін кеуекті шынындағы мұздың балқу температурасының кеуек диаметріне тәуелділігі қолданылған (3-сурет).



3-сурет

Шынылардағы кездесетін кеуектердің өлшемі *2,4*-тен *250Нм* аралығында болған. Бұл тәуелділікті әрбір температурадағы еріген мұзды салыстыра отырып, кеуектердің өлшемдері бойынша интегралды таралу қисығын алуға болады. Егер кеуек формасы белгілі болса, белгілі кеуек өлшемі аралығында осы таралу қисығын қолданып, кеуектер концентрациясын есептеуге болады. Біз (баяндамада) кеуектер формасын сфера деп қабылдадық. Кеуектерді сфера деп қабылдауға зерттеудің нәтижесі негіз болады [5].

Әр түрлі қатты денелерде кеуектердің өлшемдері *1Нм*-ден жүзге жуық *мкм* аралығында болатыны белгілі [5, 6, 7]. Кеуектердің елеулі бөлігінің ~0,1-бірнеше жүз *мкм* өлшемі бар және олар тек микроскопиялық жолдармен зерттеледі. Бұл аралықтағы өлшемге ие кеуектер де өлшемдері арқылы таралады. Сол себепті баяндамада кеуектер концентрациясы және көлемдерінің кеуектер көлемі бойынша таралуының микроскопиялық тәсілдер арқылы таралу мәселелері қарастырылады. Бұл жерде жазық шлифтен алынатын кеуектер жөніндегі мәліметті, яғни кездейсоқ белгілі үлгі жазықтығында алынатын кеуектер жүйелерінің қимасын нақты кеуектердің көлем концентрациясымен және кеуектер көлемімен байланыстыру болып табылады. Әдебиеттерде [8, 9] кеуектердің өлшемінің қимасы бойынша таралуынан көлем бойынша таралуға өтудің бірнеше жобалау тәсілі бар. Кез-келген формасы әр түрлі кеуектердің таралуын анықтау шешімі жоқ мәселелердің біріне жатады. Сондықтан бірнеше жеңілдету жолдары арқылы қарапайым жол ұсынылған. Ұсынылған қарапайым жолдың орынды екенін компьютерлік есеп нәтижесінің эксперимент нәтижесіне сәйкес келуі дәлелдейді.

Эксперименттен анықталған кеуек қимасы бетінің өлшем бойынша таралуынан кеуек көлемі бойынша таралуға өтуді жеңілдету мақсатында үш қарапайым ұсыныс беріледі:

- Кеуектер жүйесін изотропты деп есептеу;
- Кеуектер формасын сфералық формалы деп есептеу;
- Кеуектердің өлшем бойынша таралу функциясының үлкен мәнінде жылдам төмендеуі және оның монотондығы, яғни

$$\frac{\Delta N}{\Delta Д} = Al^{-\alpha Д}, \qquad (2)$$

мұндағы, $\frac{\Delta N}{\Delta Д}$ – кеуек өлшемінің *Д* бойынша таралу функциясы, *A* және α– әрбір материалға тән тұрақты шамалар.



4-сурет.

Ұсынылған ұсыныстардың орны бар екендігі эксперимент арқылы зерттелген. Кеуектер құрылымы изотроптылығының екі немесе үш бір-біріне перпендикуляр жазықтық шлифтерінің бірдей екендігі анықталған. Кеуек формалары *~0,1мкм – 1мм* өлшемдер аралығындағы сфералық формаға жақын екендігі оптикалық және электрондық сканерлеуші микроскоптар арқылы анықталған. Ұсынылған (2) формуланың экспериментпен дәл келуі 4-суреттен көрініп тұр.

SiC керамикадағы кездесетін кеуектер 5-суретте көрсетілген.



5-сурет

SiC керамикадағы интегралды кеуектер көлемі дилатометриялық тәсілмен анықталып, яғни керамиканың әбден кептірілген массасы, сонымен қатар суға қаныққан массасы өлшеніп және оны судың массасын есептеу арқылы анықтап, алынған нәтижелер КРШ, ПМР, микроскопиялық тәсілдермен анықталған кеуектер көлемімен салыстырылған (1 кесте).

1-кесте. SiC керамика кеуектілігі бойынша қосынды мәліметтер

Керамика	$P_{оптика}$, %	$P_{Рентген}$, %	$P_{ПМР}$, %	$P=P_{опт}+P_{Рент}+P_{ПМР}$, %	$P_{дилатометрия}$, %
SiC1	0,3	0,5	0,28	1,1	0,9÷0,2
SiC2	1,4	0,7	0,26	2,4	1,8÷0,6
SiC3	2,0	0,8	0,20	3,0	2,4÷0,3
SiC4	0,6	3,7	0,19	4,5	5,0÷0,3
SiC5	4,9	5,3	0,11	10,3	10,0÷1,0

Кестеде көрсетілген *SiC* керамика түрлері – әр түрлі технологиялармен алынған силикат керамикалары. Кестедегі мәліметтерден мынадай қорытынды жасауға болады:

– Дифференциалды және интегралды тәсілдермен анықталған мәліметтер бір-бірімен жақсы сәйкес келеді;
– Барлық үлгілерде үш түрлі кеуектер фракциялары орын алады;

– Әр түрлі үлгілердегі интегралдық кеуектіліктің бір-бірінен 10 еседен көп айырмашылығы бар.

Сонымен, бұл керамикаларда күрделі кеуектілік ансамблі бар екендігі анықталды.

Керамикадағы кеуектер ансамблінің олардың беріктілікке әсері 6-суретте көрсетілген.



6-сурет

Суретке қарағанда, керамиканың кеуектілігі өскен сайын беріктілігі төмендейді екен, яғни үлгінің кеуектілік дәрежесі оның беріктілігіне тікелей әсер етеді және алынған мәліметтер қатты денелердің қирау теориясына өзінің үлесін қосады.

1. «Жаратылыстану ғылымдары және педагогиканың өзекті мәселелері» ғыл.-прак. конф. материалдары, Түркістан, 2011,142б.
2. Б.И.Бензель, Е.А.Егоров, В.В.Жиженков, В.Д.Клейнер. Инженерно-физический журнал, 1985, №3, 461с.
3. Э.Эндрю «Ядерный магнитный резонанс», Москва, ИЛ, 1957.
4. В.И.Бетехтин, А.Н.Бахтибаев, Е.А.Егоров, В.В.Жиженков, Д.А.Иманбеков, А.Г.Кадомцев, В.Д.Клейнер «Концентрация микропор в цементном камне и их распределение по размерам», Цемент, 1989, IO, 8-10с.
5. В.Рамчадран, Р.Фельдман, Дж.Бодуэн «Наука о бетоне». Физико-химическое бетоноведение. Пер. с англ.-Москва, Стройиздат, 1986, 278с.
6. П.Т.Черемской, В.И.Бетехтин, В.В.Слезов «Поры в твердом теле», Москва, Энергоатомиздат. УССР, 1962.
7.Л.С.Палатник, М.Я.Фукс, В.М.Косевич «Механизм образования и субструктура конденсированных пленок», Млсква, Наука, 1972.
8. К.С.Чернявский «Стереология в металловедении», Москва, Металлургия, 1977, 68с. – С.В.Белов «Пористые материалы в машиностроении», 1976.
9. В.А.Бернштейн «Гидролитический механизм разрушения аморфных и аморфно-кристаллических тел», Москва, Металлургия, 1977, 212-226с.

ӘОК 511

П.Б. Бейсебай, Ғ.Х. Мұхамедиев

ЕКІНШІ РЕТТІ ТҰРАҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУДІҢ ЖАЛПЫ ШЕШІМІН ҚҰРУ ТАҚЫРЫБЫН БЕРУДІҢ БІР ӘДІСТЕМЕСІ

(Өскемен қ., Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ)

В работе предлагается методика изложения темы «Построение общего решения линейного дифференциального уравнения второго порядка с постоянными коэффициентами». Суть метода состоит в нахождении частных решений уравнения не используя понятия комплексного числа. В случае однородного уравнения приводится два подхода к построению линейно независимых решений. А в случае неоднородного уравнения построено частное решение для правой части в виде произведения показательной функций и линейной комбинации синуса и косинуса. Вобеихслучаяхданасхемапостроениячастныхрешений.

The method of “Formation of the general solution of the second-order linear differential equation with fixed factors” subject matter presentation is suggested in the work. The essence of the method consists in finding specific solutions of equations without using complex number concept. There are two approaches to linearly independent solutions formation in the case of homogeneous differential equation. And in the case of nonhomogeneous equation there is aspecific solution for a right memberin the form of exponential function and linear combination of sine and cosine product. The scheme of specific solutions formation is given in both cases.

Мақалада екінші ретті тұрақты коэффициентті біртекті

$$y'' + py' + qy = 0 \tag{1}$$

дифференциалдық теңдеуінің сызықтық тәуелсіз дербес шешімдері мен

$$y'' + py' + qy = f(x) \tag{2}$$

біртексіз теңдеуінің қандай да бір дербес шешімін комплекс сандар мен комплекс мәнді функция ұғымдарын пайдаланбай-ақ табу әдісі келтіріледі.

Алдымен (1) біртекті теңдеуінің сызықтық тәуелсіз дербес шешімдерін табу мәселесін қарастырайық.

Әдетте (1) біртекті теңдеуінің дербес шешімі

$$y = e^{kx} \tag{3}$$

түрінде ізделінеді де, (3) функциясының k саны

$$k^2 + pk + q = 0 \tag{4}$$

сипаттамалық теңдеуінің түбірі болғанда ғана шешім болатыны көрсетіледі.

Осы арада ерекше тоқталатын бір жағдай, ол (4) сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D = p^2 - 4q$ теріс, яғни түбірлері $k_{1,2} = \frac{-p}{2} \pm i\frac{\sqrt{4q - p^2}}{2}$ комплекс сандары болатын жағдайы. Бұл жағдайда (3) теңдігі бойынша алынатын шешім нақты аргументті комплекс мәнді функция болады да, ол, дифференциалдық теңдеу мен оның шешімі ұғымы тек нақты функциялар үшін енгізілетіндіктен, теориялық тұрғыдан үйлесімсіздікке әкеледі. Мұндай үйлесімсіздікті болдырмау үшін студенттерге алдын ала математиканың комплекс сандар, комплекс мәнді функция және оның дифференциалдық есептеулері бөлімдерінен керекті мағлұматтарды беріп алу қажет болады.

Бірақ кейбір мамандықтардың мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттары мен типтік оқу бағдарламаларында комплекс сандар мен комплекс мәнді функциялар бөлімдері қарастырылмайды. Сондықтан ондай мамандықтардың студентеріне сипаттамалық теңдеудің дискриминанты теріс болған жағдайда (1) теңдеуінің сызықтық тәуелсіз дербес шешімдері $y_1 = e^{-\frac{p}{2}x} \sin\sqrt{q - \frac{p^2}{4}}x$ және $y_2 = e^{-\frac{p}{2}x} \cos\sqrt{q - \frac{p^2}{4}}x$ функциялары болатыны, олардың қалай алынатыны көрсетілмей тек белгілі жайт ретінде беріледі [1-3].

Сол себепті біз оқырман назарына осы тақырыпты студенттерге комплекс сандар ұғымын пайдаланбай берудің бір әдісін ұсынып отырмыз.

Дербес шешімдерді

$$y = u(x)e^{kx} \tag{5}$$

түрінде іздейміз, мұндағы $u(x)$ екі рет дифференциалданатын белгісіз функция, k белгісіз сан. (5) функциясын (1) теңдеуіне қойсақ

$$u'' + (2k + p)u' + \left(k^2 + pk + q\right)u = 0 \tag{6}$$

теңдеуін аламыз.

Сонымен, егер $u(x)$ функциясы мен k саны (6) теңдеуін қанағаттандырса, онда (5) функциясы (1) теңдеуінің шешімі болады.

Біздің тәсіл егер (4) сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D \geq 0$ болса, онда k саны ретінде осы сипаттамалық теңдеудің түбірін, ал $D < 0$ болса $k + \frac{p}{2} = 0$ теңдеуінің түбірін алу арқылы (6) теңдеуін реті төмендiлетін дифференциалдық теңдеулердің біріне келтіріп алып $u(x)$ функциясын табуға негізделген.

$D > 0, D = 0$ және $D < 0$ жағдайларына жекелей тоқталамыз.

1-жағдай. (4) сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D > 0$ болсын. Онда (4) сипаттамалық теңдеуінің әртүрлі екі түбірі болады:

$$k_1 = \frac{-p - \sqrt{D}}{2}, \quad k_2 = \frac{-p + \sqrt{D}}{2}, \qquad k_1 \neq k_2 .$$

(6) теңдеуін ықшамдау мақсатында $k = k_1$ немесе $k = k_2$ деп алсақ (6) теңдеуі

$$u'' + \left(k + \frac{p}{2}\right)u' = 0 \tag{7}$$

түріндегі реті төмендетілетін теңдеуге көшеді және де (5) теңдігінен

$$y_1 = u(x)e^{k_1 x}, \quad y_2 = u(x)e^{k_2 x} \tag{8}$$

функцияларын аламыз.

y_1, y_2 функциялары (7) теңдеуінің нөлден өзгеше шешімі болатын кез келген $u(x)$ функциясы үшін (1) теңдеуінің сызықтық тәуелсіз шешімдері болады. Сонымен, тәуелсіз дербес шешімдерді құру есебі (7) теңдеуінің нөлден өзгеше бір дербес шешімін табу есебіне келеді. Жалпы алғанда, (7) теңдеуінің дербес шешімін оның ретін төмендету арқылы жалпы шешімін тауып алып еркін тұрақтыларға мән беру арқылы алуға болады. Бірақ дәл (7) теңдеуі үшін кез келген тұрақты функцияның шешім болатынын ешқандай тәсіл қолданбай-ақ көруге болады. Біз олардың ішінде $u(x) \equiv 1$ функциясына тоқталамыз.

Сонымен (8) теңдіктерінде $u(x) \equiv 1$ деп алып (1) теңдеуінің

$$y_1 = e^{k_1 x}, \quad y_2 = e^{k_2 x}$$

екі сызықтық тәуелсіз шешім аламыз.

2-жағдай. (4) сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D=0$ болсын. Бұл жағдайда (4) сипаттамалық теңдеуінің бір $k_1=-\frac{p}{2}$ екі еселі түбірі болады. Егер $k=k_1=-\frac{p}{2}$ деп алсақ, (5) теңдігінен

$$y=u(x)e^{k_1x} \tag{9}$$

функциясын, ал (6) теңдеуінен

Функцию $\omega(\delta)$ часто называют функцией корректности (или устойчивости) задачи на множестве M. Очевидно, функция $\omega(\delta)$ равна модулю непрерывности оператора A^{-1} на образе M.
Справедливы оценки в пространствах $C[a,b]$, $L_2[a,b]$ и $W_2^1[a,b]$:
для решения $\mu \in M$ и его производный μ'

$$\|\mu\|_{C[a,b]} = \max_{y \in [a,b]} |\mu(y)| \le M_0 \text{ и } |\mu'(y)| \le M,$$

$$\|\mu\|_{L_2[a,b]} \le M_0\sqrt{b-a} \text{ и } \|\mu'\|_{L_2[a,b]} \le M\sqrt{b-a},$$

$$\|\mu\|_2 = \|\mu\|_{W_2^1} = \|\mu\|_{L_2} + \|\mu'\|_{L_2} \le (M_0 + M)\sqrt{b-a}.$$

Пусть дана норма функций $\mu \in C[a,b]$ в виде

$$\|\mu\|_{C[a,b]} = \max_{y \in [a,b]} |\mu(y)| \le M_0$$

тогда ее норма в L_2 вычисляется так

$$\|\mu\|^2_{L_2[a,b]} = \int_a^b (\mu(y))^2 dy \le \int_a^b \max|\mu(y)|^2 dy \le M_0^2(b-a).$$

Следовательно,

$$\|\mu\|_{C[a,b]} \le C_1\|\mu\|_{L_2[a,b]}.$$

Пусть теперь определена норма функции $\mu \in L_2[a,b]$, то есть

$$\|\mu\|_{L_2[a,b]} \le C_1\|\mu\|_{C[a,b]}$$

Тогда норма в $C[a,b]$ будет такой

$$\|\mu\|_{C[a,b]} = \max_{y \in [a,b]} |\mu(y)| = \frac{1}{b-a}\left(\int_a^b \max|\mu(y)|^2 dy\right)^{\frac{1}{2}} = \frac{1}{b-a}\|\mu\|_{L_2[a,b]}$$

то есть

$$\|\mu\|_{C[a,b]} \le C_1\|\mu\|_{L_2[a,b]}.$$

Тем самым, имеем

$$\|\mu\|_{C[a,b]} \sim \|\mu\|_{L_2[a,b]}.$$

$$\|\mu\|_C < C_1\|\mu\|_{L_2} < C\|\mu\|_2, \|\mu\|_{L_2} < C\|\mu\|_2.$$

Из оценки (2) видно, что задача существенно некорректна, поэтому весьма актуальна, разработать устойчивый алгоритм вычисления.

2. Регуляризация. Регуляризация со стабилизатором первого порядка

Предположим, что правая часть $w(x)$- известна с погрешностью $\| w(\mathrm{x}) - w_\delta(\mathrm{x})\| \le \delta$, $\delta > 0$. Для нахождения приближенного решения μ_δ, сходящего к точному решению, используем метод регуляризации [2].

Рассмотрим минимизирующий сглаживающий функционал

$$M^\alpha[\mu, w_\delta] = \|A\mu - w_\delta\|^2 + \alpha\Omega[\mu] = \|A\mu - w_\delta\|^2 + \alpha\|\mu\|^2,$$

где $\alpha > 0$ - параметр регуляризации, под $\| \cdot \|$ понимается норма пространства L_2 на соответствующих отрезках.

Известна теорема Тихонова, [3] что какова бы ни была, $w_\delta \in L_2, \alpha > 0$ существует единственная функция $\mu = \mu_{\alpha\delta}$, которая минимизирует функционал $M^\alpha[\mu, w_\delta]$. Необходимым условием минимума $M^\alpha[\mu, w_\delta]$ является равенство нулю его первой вариации $\Delta M^\alpha = \left\{ \frac{d}{d\gamma} M^\alpha[\mu + \gamma v, w_\delta] \right\}\Big|_{\gamma=0} = 0$, где $v(y)$- произвольная функция класса $C^1[a,b]$, удовлетворяющая условиям $v(a) = v(b) = 0$ и где γ - малый параметр, т.е.

$$M^\alpha[\mu + \gamma v, w_\delta] = \int_c^d \left(\int_a^b (\mu + \gamma v) \ln|x - y| dy - w_\delta(x) \right)^2 dx + \alpha \int_a^b (\mu + \gamma v)^2 dy.$$

Отсюда,

$$\frac{d}{d\gamma} M^\alpha[\mu + \gamma v, w_\delta] = 2\int_c^d \left\{ \int_a^b [(\mu + \gamma v) \ln|x - y| dy - w_\delta(x)] \int_a^b v \ln|x - y| dy \right\} dx +$$
$$+ 2\alpha \int_a^b (\mu + \gamma v) v dy,$$

тогда

$$\Delta M^\alpha = \left\{ \frac{d}{d\gamma} M^\alpha[\mu + \gamma v, w_\delta] \right\}\Big|_{\gamma=0} =$$
$$= 2\int_c^d \left\{ \int_a^b [\mu \ln|x - y| dy - w_\delta(x)] \int_a^b v \ln|x - y| dy \right\} dx + 2\alpha \int_a^b \mu v dy = 0$$

с одной стороны,

$$\Delta M^\alpha = 2\int_a^b \left\{ \int_a^b \int_c^d \ln|x - y| \ln|x - t| \mu(t) dt dx - \int_c^d w_\delta(x) \ln|x - y| dx \right\} v dy + 2\alpha \int_a^b \mu v dy = 0.$$

Отсюда, учитывая, что функция $v(y)$ удовлетворяет условию леммы Лагранжа [4], а функция, стоящая в фигурных скобках непрерывна, на основании этой леммы имеем:

$$\int_c^d \left\{ \int_a^b \ln|x - t| \mu(t) dt - w_\delta(x) \right\} \ln|x - y| dx + \alpha\mu(y) = 0,$$

Таким образом, искомой функцией $\mu_{\alpha\delta}(y)$ минимизирующей $M^{\alpha}[\mu, w_{\delta}]$, т.е. искомым приближенным (регуляризованным) решением уравнения $\int\limits_a^b \mu(y)\ln|x-y|dy = w_{\delta}(x)$ будет решение интегро-дифференциального уравнения Эйлера

$$\int\limits_c^d \left(A\mu - w_{\delta}(x)\right)\ln|x-y|dx + \alpha\mu(y) = 0, \qquad (3)$$

удовлетворяющим краевым условиям $\mu(a)=0, \quad \mu(b)=0,$ где $\mu = \mu_{\alpha\delta}$.

$$\int\limits_a^b K(t,y)\mu_{\alpha\delta}(t)dt + \alpha\mu_{\alpha\delta}(y) = f_{\delta}(y) \qquad (3')$$

здесь $K(t,y) = \int\limits_c^d \ln|x-t|\ln|x-y|dx$, правая часть $f_{\delta}(y) = \int\limits_c^d \ln|x-y|w_{\delta}(x)dx$.

Напишем разностный аналог уравнения (3′) на равномерной сетке с шагом $h \le \delta$. Разобьем промежуток $[a,b]$ на n равных частей и возьмем в качестве узловых точек середины полученных малых отрезков, т.е. полагаем

$$t_j = a + 0{,}5h + (j-1)h, \ j = \overline{1,n}, h = \frac{b-a}{n}, \ n \ge 2.$$

1 шаг. Заменим интеграл в (3′) суммой по формуле прямоугольников

$$h\sum_{j=1}^{n} K(t_j, y)\mu_{\alpha\delta}(t_j) + \alpha\mu_{\alpha\delta}(y) = f_{\delta}(y).$$

2 шаг. Для вычисления ядра применим теорему о среднем

$$(d-c)\sum_{j=1}^{n} h\mu_{\alpha\delta}(t_j)\ln\left|\frac{d+c}{2} - t_j\right|\ln\left|\frac{d+c}{2} - y\right| + \alpha\mu_{\alpha\delta}(y) = f_{\delta}(y)$$

3 шаг. По переменной y вычислим сеточные функции в тех же узловых точках отрезка $[a,b]$, то есть

$$y_i = a + 0{,}5h + (i-1)h, \ i = \overline{1,n},$$

где индексы i и j меняются в промежутке $1 \le i \le n, 1 \le j \le n$ независимо друг от друга.

$$(d-c)h\sum_{j=1}^{n}\ln\left|\frac{d+c}{2} - t_j\right|\ln\left|\frac{d+c}{2} - y_i\right|\mu_{\alpha\delta}(t)_j + \alpha\mu_{\alpha\delta}(y)_i +$$

$$= (d-c)\ln\left|\frac{d+c}{2} - y_i\right| w_{\delta}\left(\frac{d+c}{2}\right). \ i = \overline{1,n}$$

Итак, получили следующую систему линейных алгебраических уравнении (разностные уравнения)

$$B_{\alpha}\mu_{\alpha h} \equiv B_h\mu_{\alpha h} + \alpha C\mu_{\alpha h} = f_h, \qquad (4)$$

которая аппроксимирует уравнения (3/) с порядком $O(h)$.
Здесь введены такие обозначения

$$B_h = h(d-c)B, \quad f_h = (d-c)w_\delta\left(\frac{d+c}{2}\right)f_i$$

$$\mu_{\alpha h} = \left[\mu_{\alpha\delta}(y_1),\dots,\mu_{\alpha\delta}(y_n)\right] = (\mu_1,\dots,\mu_h)$$

где в свою очередь

$$B = (b_{ij}) = \ln\left|\frac{d+c}{2} - y_i\right| \ln\left|\frac{d+c}{2} - t_j\right|,\ i,\ j = \overline{1,n};$$

$$f_i = \ln\left|\frac{d+c}{2} - y_i\right|,\ i = \overline{1,n},$$

C - единичная матрица.
Полученную систему решаем итерационным методом с точностью порядка до δ.

1. Серикбаев А. У. Обратные задачи потенциала Вебера. //Дисс. док. физ.-мат. наук:01.01.02. - Новосибирск, 1994. - с. 195
2. Тихонов А.Н, Арсенин В.Я. Методы решения некорректных задач. - М.: Наука, 1986. - 288с.
3. Тихонов А. Н. О решении некорректно поставленных задач. //ДАН СССР. - 1963.- т. 151, №3.
4. Мельник И. М. Вариационное исчисление. – Издат. Ростовского университета. - 1966.- 120с.

ӘОЖ 378.016.7:51 (574)

Қ.И. Қаңлыбаев

ГЕОМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ҚОСЫМША ЭЛЕМЕНТ ЕНДІРУ ЖОЛМЕН ШЕШУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада геометрия есептерін шешуге белгісіз элементтер ендіру әдісі қолданылады. Геометриялық фигуралардың қасиеттері тригонометриялық формулалардың көмегімен баяндалады. Көптеген геометриялық қасиеттер формула ретінде беріліп оның есебі ретінде дәлелдейді. Планиметриямен стереометрияның әр алуан қасиеттері есептер арқылы түсінідіріледі.

This article looks at solving problems through the introduction of unknown elements and had given some examples.Inmathematicalhobby groupwork.Students are engaged notonlybyinterest,andit promoteslogical thinking, directs ona professionaltrack. Inthisarticle,alot ofexamples ofhowto organizehigh-qualityhobby groupwork.Different properties ofplan metric and stereo metric figures are described as trigonometric relations unknown elements of triangles and polygons are special formulas.

Геометрияның көптеген есептері қосымша кесінді ендіру әдісімен шешіледі. Бұл әдістің мәні қарастырылған есептегі фигураның бір кесіндісінің ұзындығын х деп белгілеп, кейіннен ол шаманы табады. Мұндай есептерді шешу барысында қосымша элемент «ығысады» (не қысқарады) басқа жағдайда есептің берілгендеріне сүйеніп оны табуға тура келеді,

1-есеп. Тік бұрышты үшбұрыштың бір сүйір бұрышы α. Осы үшбұрыштағы тіктөртбұрыштың биссектрисасы оның ауданын қандай бөледі (1-сурет).



1-сурет.



2-сурет.

Шешуі. АВС тікбұрышты үшбұрышындағы $\angle A$ α -ға тең болсын. ($\angle A$ $=90^0$). С бұрышының биссектрисасы СД болсын, АС катетін қосымша белгісіз элемент ретінде қарастырайық, оның ұзындығын х арқылы белгілейік. Үшбұрыштың ішкі бұрышының биссектрисасының қаситеі бойынша $АД : ДВ = AC : CB = x : xtg\alpha = 1 : tg\alpha$.

АДС мен ВСД үшбұрыштарының аудандарының (ортақ С төбесі бар) қатынасы олардың табандарының қатынасындай болады, яғни

$$\frac{S_{\Delta АСД}}{S_{\Delta ВСД}} = \frac{АД}{ДВ} = \frac{1}{tg\alpha} = ctg\alpha .$$

2-есеп. Үшбұрыштың қабырғаларының қатынасы 7:8:9. Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбер радиусының үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер радиусына қатынасын табыңдар (2-сурет).

Шешуі. АВС үшбұрышында $AB : BC : AC = 7 : 8 : 9$ болсын (2-сурет). x кесінді ұзындығы АВ, ВС және АС қабырғаларда сәйкес 7, 8 және 9 еселі болсын, онда $AB = 7x$, $BC = 8x$ және $AC = 9x$. Осыларды ескеріп, $p = 12x$, $p - a = 4x$, $p - в = 3x$ және $p - c = 5x$,

$$S = \sqrt{12x \cdot 4x \cdot 3x \cdot 5x} = 12x^2\sqrt{5} .$$

Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер радиусы:

$$r = \frac{S}{p} = \frac{12x^2\sqrt{3}}{12x} = \sqrt{5}x.$$

Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбер радиусы:

$$R = \frac{abc}{4S} = \frac{8x \cdot 9x \cdot 7x}{4 \cdot 12x^2\sqrt{5}} = \frac{21x}{2\sqrt{5}} .$$

Ізделінді қатынас $\frac{R}{r} = \frac{21x}{2\sqrt{5} \cdot x\sqrt{5}} = \frac{21}{10}$.

3-есеп. Ауданы Q болатын дөңгелекті сүйір бұрышы α ромб сырттай сызылған. Ромбының ауданын табу керек (3-сурет).





3-сурет. *4-сурет.*

Шешуі. АВСД – есеп шартында берілген ромб болсын, онда *АВ=ВС=СД=ДА=х*. Бұл жағдайда ромб ауданы $S = AB^2 \sin\alpha = x^2 \sin\alpha$ (1)

$BE \perp AД$ жүргіземіз. ВЕ – ромб биіктігі өзіне іштей сызылған шеңбердің диаметрі болып табылады.

$\Delta ABE : BE = AB \cdot \sin A = x \sin\alpha$. Дөңгелектің ауданы $S_{дөңг} = \frac{\pi}{4} EE^2 = \frac{\pi}{4} x^2 \sin^2 x$.

Есеп шартына сай $\frac{\pi}{4} x^2 \sin^2\alpha = Q$, бұдан $x^2 = \frac{4Q}{\pi \sin^2\alpha}$.

x^2-тың табылған мәнін (1) теңдеуге қоямыз: $S = \frac{4Q}{\pi \sin^2\alpha} \cdot \sin\alpha = \frac{4Q}{\pi \sin\alpha}$.

4-есеп. АВС үшбұрышында А, В және С бұрыштарының шамасы арифметикалық прогрессия құрайды. Үшбұрыштың ең қысқа қабырғасы ең ұзын қабырғасынан 4 есе кіші. Ең кіші бұрыштың тангенсін табыңдар (4-сурет).

Шешуі. $\angle B = \varphi$ деп аламыз. Бұл жағдайда есеп шартына сай $\angle A = \varphi - \alpha$ және $\angle C = \varphi + \alpha$. Егер $\angle A$, $\angle B$ және $\angle C$ өспелі арифметикалық прогрессия құрайтын болса, онда оның айырмасы α деп жоримыз. Егер керісінше жорысақ та осындай нәтижеге келеміз. Үшбұрыштың ішкі бұрышының қосындысы 180^0 болатындықтан φ мәнін есептейміз: $\varphi - \alpha + \varphi + \varphi + \alpha = 180^0$, $\varphi = 60^0$. Берілген үшбұрышта ең қысқа қабырға ВС қабырғасы, ең ұзыны – АВ (4-сурет).



5-сурет.

$BC = x$ десек, онда $AB = 4x$. ΔABC-дан

$$AC = \sqrt{AB^2 + BC^2 - 2AB \cdot BC \cdot \cos\beta} =$$

$$\sqrt{16x^2 + x^2 - 2x \cdot \frac{1}{2}} = x\sqrt{13},$$

$$BC^2 = AB^2 + AC^2 - 2AB \cdot AC \cdot \cos A,$$

$$x^2 = 16x^2 + 13x^2 - 2 \cdot 4x \cdot x\sqrt{13} \cdot \cos A.$$

Бұдан $\cos A = \frac{7}{2\sqrt{13}}$. Бұл жағдайда $tgA = \frac{\sqrt{3}}{7}$.

5-есеп. Теңбүйірлі тікбұрышты үшбұрыштың АС катетінің бойынан Р нүктесі РС кесіндісі диаметр ретінде алынып шеңбер АВ гипотенузасын жанайтындай етіп алынған. РВ кесіндісін жарты дөңгелек қандай қатыста бөледі (5-сурет).

Шешуі. АВС үшбұрышы берілген шарт бойынша тікбұрышты, теңбүйірлі. Центрі О жарты дөңгелек СР кесіндісіне салынған (диаметр ретінде), жарты дөңгелек АВ гипотенузасын Д нүктесінде жанайды.

$OC = OP = OД = x$ деп алайық. Берілген ABC үшбұрышы AOД тікбұрышты үшбұрышы да тең бүйірлі, олай болса, $AД = OД = x$.

$\Delta AOД$ -нан $AO = OД\sqrt{2} = x\sqrt{2}$. Онда $AC = AO + OC = x\sqrt{2} + x = x(\sqrt{2}+1) = BC$.

Қарастырылып отырған жарты дөңгелек BP кесіндісін E нүктесінде қияды.

$CE \perp BP$ екені белгілі. Тікбұрыштан гипотенузаға жүргізілген биіктіктің қасиеті бойынша $\dfrac{BE}{EP} = \dfrac{BC^2}{CP^2} = \dfrac{x^2(\sqrt{2}+1)^2}{4x^2} = \dfrac{3+2\sqrt{2}}{4}$.

6-есеп. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі пирамиданың бүйір қабырғасымен 30^0 бұрыш жасайды. Табанының бір қабырғасынан қарсы жағына перпендикуляр қима жүргізілген. Пирамиданың қима жазықтықпен бөлінген бөліктерінің қатынасын табыңдар (7-сурет).



6-сурет.



7-сурет.

Шешуі. ZABCD (6-сурет) айтылған шарттармен берілген пирамида, оның табанындағы CD қыры арқылы ZAB жағына перпендикуляр жазықтық жүргізілген. Қима DMNC (DC||MN) теңбүйірлі трапеция.

$V_{ZCDMN} : V_{ABCDMN}$ - көлемдердің қатынасын табу керек.

Пирамиданың «Төменгі бөлігінің» көлемі V_{ABCDMN}-ді көлемдердің айырмасы, яғни $V_{ABCDMN} = V_{ZABCD} - V_{ZCDMN}$ ретінде табу үшін қарастырылған пирамидаға кейбір кесіндінің ұзындығын x деп аламыз. Кесіндіні таңдау кезінде келесі талаптарды басшылыққа аламыз: таңдап алынатын кесінді ол есеп шартындағы сүйір бұрышы бар тікбұрышты үшбұрышта жатады.

ZO пирамиданың биіктігі және ZE апофема арқылы қима жүргіземіз. Қимада ZEF теңбүйірлі үшбұрыш пайда болады, жазықтығы ZAB және ZCD жақтарына перпендикуляр болады. Бұдан пирамиданың биіктігі мен ZCD бүйір жағының арасындағы бұрыш $\angle OZE$. Шарт бойынша $\angle OZE = 30^0$. Дәл осы сияқты $\angle OZF = 30^0$. Сонымен, үшбұрыш ZEF дұрыс үшбұрыш.

$CD \perp (ZEF_{ауд})$, онда $CD \perp EP$ (мұндағы EP-CDM мен ZEF жазықтықтарының қиылысу сызығы). Сонымен, EP – CDMN трапецияның биіктігі.

$(CDM_{ауд}) \perp (ZAF_{ауд})$ және $EP \perp MN$, онда $EP \perp (ZAB_{ауд})$ демек, $EP \perp ZF$, яғни EP-кесіндісі ZEF дұрыс үшбұрыштың биіктігі (ол ZF – қабырғасына жүргізілген). Дәл осылайша ZP-кесіндісі ZCDMN қиылған пирамиданың биіктігі.

P-ZF – ортасы және MN-кесіндісі ZAB үшбұрышының орта сызығы екені белгілі. Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп ZF=x, онда EF=AB=x деп аламыз.

$\Delta ZEO: ZO = \dfrac{x\sqrt{3}}{2}$ сондықтан $EP = \dfrac{x\sqrt{3}}{2}$.

$ZP = \dfrac{x}{2}$ және $MN = \dfrac{x}{2}$ екені түсінікті. Енді ізделінді қатынасты табамыз:

$$\frac{V_{ZCDMN}}{V_{ABCDMN}} = \frac{V_{ZCDMN}}{V_{ABCDMN} - V_{ZCDMN}} = \frac{\frac{1}{3}S_{CDMN}\cdot ZP}{\frac{1}{3}S_{ABCD}\cdot ZO - \frac{1}{3}S_{CDMN}\cdot ZP} = \frac{\frac{1}{2}(CD+MN)\cdot EP\cdot ZP}{AB^2\cdot ZO - \frac{1}{2}(CD+MN)\cdot EP\cdot ZP} =$$

$$= \frac{\frac{1}{2}(x+\frac{x}{2})\cdot\frac{x\sqrt{3}}{2}\cdot\frac{x}{2}}{x^2\cdot\frac{x\sqrt{3}}{2} - \frac{1}{2}(x+\frac{x}{2})\cdot\frac{x\sqrt{3}}{2}\cdot\frac{x}{2}} = \frac{3}{5}.$$

7-есеп. Дұрыс төртбұрышты призманың бір төбесі арқылы сүйір бұрышы α ромб шығатындай қима жүргізілген. Қима жазықтықтың призманың табан жазықтығына көлбеулік бұрышын табыңдар (7-сурет).



8-сурет.



9-сурет.

Шешуі. $ABCДA_1B_1C_1Д_1$ – белгілі шарттармен берілген призма болсын және $AB_2C_2Д_2$ – қима (7-сурет), ол A төбесі арқылы өтетін ромб. $AB_2=AД_2$ – ромб қабырғалары болғандықтан ABB_2 және $AДД_2$ – тікбұрышты үшбұрыштар тең, осы үшбұрыштардың теңдігінен $BB_2=ДД_2$. Сондықтан $BB_2Д_2Д$ – тіктөртбұрыш және $B_2Д_2=BД$. $AC_2>AC$ екені белгілі. $AC=BД$ болғандықтан, онда $AC_2>B_2Д_2$, яғни AC_2 – ромбының үлкен диагоналы болғңандықтан $\angle B_2AД_2$ – ромбының сүйір бұрышы, ол есеп шарты бойынша α.

Төменгі табанының центрі O нүктесін ромб диагоналдарының қиылысу нүктесі O_2 нүктесімен қосамыз. O – нүктесі AC-ның ортасы болғандықтан және O_2 – нүктесі AC_2-нің ортасы екенін ескерсек, онда $OO_2 \| CC_2$ – ACC_2 үшбұрышының орта сызығы. $CC_2 \perp (ABC_{ауд})$ болғандықтан, онда $OO_2 \perp (ABC_{ауд})$. Сонымен, AOO_2 үшбұрышы тікбұрышты үшбұрыш. OAO_2 – призма табанымен қима жазықтық (ромб жазықтығы) арасындағы екіжақты бұрыштың сызықтық бұрышы.

$AO_2 = x$ және $\angle OAO_2 = \varphi$ деп аламыз.

$\Delta AO_2Д_2$-ден $O_2Д_2 = AO_2 \cdot tgO_2AД_2 = xtg\dfrac{\alpha}{2}$,

$AO = OД = O_2Д_2 = xtg\dfrac{\alpha}{2}$.

ΔAOO_2-ден $\cos\varphi = \dfrac{AO}{AO_2} = \dfrac{xtg\dfrac{\alpha}{2}}{x} = tg\dfrac{\alpha}{2}$, бұдан $x = \arccos tg\dfrac{\alpha}{2}$.

Бұдан әрі қарастырылатын есептерде дененің бетінің ауданы не оның көлемінің шамасын табу талап етіледі. Сонымен бірге қандай да бір қима немесе басқа сызықтық емес шаманы табу керек болады, бұл есептер қарастырылған геометриялық денеге қатысты бола отырып, берілген шарттарда сызықтық элемент жоқ. Мұндай есептерді шешуге белгілі ережелер бойынша қосымша сызықтық элемент ендіріледі.

8-есеп. Пирамида табаны – ауданы Q сүйір бұрышы α-ға тең тік төртбұрышты үшбұрыш. Бүйір жағы катет арқылы өтеді, берілген бұрышта жатады, табан жазықтығына перпендикуляр. Басқа екі жағы табаны мен β-ға тең бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңдар (8-сурет).

Шешуі. ZABC есеп шартында берілген пирамида табаны тік бұрышты ABC үшбұрышы ($\angle C = 90^0$), онда $\angle BAC = \alpha$. ZAC жағы AC катетінен өтеді, есеп шартына сай табанына перпендикуляр, яғни ZAC$\perp$(ABC$_{ауд}$). ZAC жағына ZД$\perp$AC болатындай ZД перпендикулярын жүргіземіз. Жоғарыда айтылғандардан ZД$\perp$(ABC жазықтығына), яғни ZД – пирамида биіктігі. Есеп шартына сай ZBC мен ZAB жақтары табан жазықтығымен β бұрышпен көлбеген. AC$\perp$BC болғандықтан үш перпендикуляр туралы теорема бойынша ZC$\perp$BC. Сондықтан $\angle$ZCД - бұл ZBC жағының табанымен жасайтын екі жақты бұрышының сызықтық бұрышы. $\angle$ZCД=β. Пирамиданың табан жазықтығында ДЕ$\perp$AB жүргіземіз және Е нүктесінен Z-ке дейін түзу жүргіземіз. $\angle$ ZEД бұрышы ZAB жағы мен табаны арасындағы екіжақты бұрыштың сызықтық бұрышы, сондықтан $\angle$ZEД=β.

ZДC мен ZДЕ үшбұрыштары тең екені белгілі. Бұл үшбұрыштардың теңдігінен ДЕ=ДC.

Есепті шешу жоспары. ZД=x деп алып, пирамида көлемін табамыз. Бұдан соң x арқылы және есеп шартында берілген бұрыштармен пирамида табанының ауданын өрнектейміз.

Алынған өрнекте Q-ді пайдаланып теңдеу құрамыз, одан x-ті табамыз. X-тің табылған мәнін пирамиданың көлемін табу формуласына қойып, ойласырылған жоспарды іске асырамыз. Пирамида көлемі

$$V = \frac{1}{3}S_{\Delta ABC}\cdot Z\text{Д} = \frac{x}{3}\cdot Q \qquad (1)$$

ΔZДC-дан ДC=ZД$\cdot ctg$ ZCД=x $ctg\beta$=ДЕ

ΔАДЕ-ден АД=$\dfrac{xctg\beta}{\sin ДAE} = \dfrac{xctg\beta}{\sin\alpha}$

$$AC = AД + CД = \frac{xctg\beta}{\sin\alpha} + xctg\beta = xctg\beta\frac{1+\sin\alpha}{\sin\alpha}.$$

ΔABC-дан $BC = ACtgBAC = xctg\beta\dfrac{1+\sin\alpha}{\sin\alpha}\cdot tg\alpha = xctg\beta\dfrac{1+\sin\alpha}{\cos\alpha}$.

Берілген пирамиданың табанының ауданы

$S_{\Delta ABC} = \dfrac{1}{2}AC\cdot BC = \dfrac{1}{2}xctg\beta\dfrac{1+\sin\alpha}{\sin\alpha}\cdot xctg\beta\dfrac{1+\sin\alpha}{\cos\alpha} = x^2ctg^2\beta\dfrac{(1+\sin\alpha)^2}{\sin 2\alpha} = Q$, бұл арадан $x = \dfrac{tg\beta}{1+\sin\alpha}\sqrt{Q\sin 2\alpha}$. Табылған x-тің өрнегін (1)-ге қойсақ,

$$V = \frac{Qtg\beta}{3(1+\sin\alpha)}\sqrt{Q\sin 2\alpha} \qquad (2)$$

Есептің мағынасы бойынша α мен β-ның мүмкін мәндері $0^0 < \alpha < 90^0$-да болады. α мен β-ның көрсетілген аралықтағы кез келген мүмкін мәнінде пирамида көлемі (2) формула арқылы есептеледі.

Қарастырылған есепте есеп шартын қанағаттандыратын әртүрлі екі пирамиданың бер екенін атап өту қажет, осыған байланысты есептің екі шешуі болады, бұл шешулер бір-бірінен өзгеше болады.

Екінші шешуін қарасытрайық. Берілген есеп шартынан Z_1C_1 қабырғасы A_1C_1 мен емес оның C_1 төбесі арқылы созындысымен β бұрышын жасайды (9-сурет). $Z_1A_1C_1$ жағының жазықтығы пирамиданың $A_1B_1C_1$ табанына перпендикуляр, $Z_1Д_1 \perp A_1C_1$ жүргіземіз. Алдындағы есепке ұқсас $Z_1Д_1$ – пирамиданың биіктігі екені және $\angle Z_1C_1Д_1=\beta$. $Д_1$-нүктесі арқылы пирамида табанында $Д_1E_1 \perp A_1B_1$ жүргіземіз және E_1-нүктені Z_1 төбесімен қосамыз. Есеп шартына сай $\angle Z_1E_1Д_1=\angle Z_1C_1Д_1=\beta$. Дәл осылайша $Д_1C_1=Д_1E_1$ бұдан дербес жағдайда E_1 нүктесі A_1B_1 гипотенузасының созындысында B_1 нүктесінен кейін орналасады.

$Z_1Д_1=y$ деп алып пирамиданың $V_1 = \frac{1}{3}Qy$ көлемін табамыз.

$\Delta Z_1C_1Д_1$ үшбұрышынан $C_1Д_1=y\,ctg\beta = Д_1E_1$

$\Delta A_1Д_1E_1$ үшбұрышынан $A_1Д_1=\frac{Д_1E_1}{\sin\alpha} = \frac{yctg\beta}{\sin\alpha}$,

$A_1C_1=A_1Д_1-C_1Д_1= y\cdot\frac{ctg\beta}{\sin\alpha} - yctg\beta = yctg\beta\frac{1-\sin\alpha}{\sin\alpha}$.

1-нұсқадағы шешуден алынған A_1C_1 үшін табылған өрнекті АС өрнегімен салыстыра келіп, ұқсас есептеулер жасай отырып, пирамиданың көлемі қарастырылған жағдай үшін

$$V_1 = \frac{Qtg\beta}{3(1-\sin\alpha)}\sqrt{Q\sin 2\alpha} \qquad (3)$$

(3) теңдіктен α, β және Q-лердің бір ғана мәнінде $V_1 > V_1$, сонымен бірге α-нің 90^0-қа жақын мәнінде V_1-дің мәні V-дан әлдеқайда артық болады.

1. Готман Э.Г. Задачи по планиметрии и методы их решения: Пособие для учащихся. –М. Просвещение: АО «Учеб.лит», 1996-240с.
2. Гусев В.А., Кожухов И.Б., Прокофьев А.А. Геометрия. Полный справочник. –М.: Махаон, 2006-320с.
3. С.О. Сатыбалдиев, Қ. Қаңлыбаев. Геометрия есептерін шешу әдістемесі. Педагогикалық оқу орындары физика-математика факультеттерінің студенттеріне арналған көмекші құрал. А.: РБК. 2011-103б.
4. Қ.Қаңлыбаев. Геометриядан таңдамалы есептер. Орта мектеп оқушыларына арналған құрал. А.: РБК. 2011-115б.

ӘОЖ 378.016.7:51 (574)

Қ.И. Қаңлыбаев

МАТЕМАТИКАДАН ҮЙІРМЕ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада сапалы үйірме жұмысын өткізуге көптеген мысалджар келтірілген. Әр түрлі планиметриялық және стереометриялық фигуралардың бағдарламаға енбеген қасиеттері үйірме жұмысында қарастырылады. Фигура элементтері арасындағы байланыстар үшбұрыштың және көпбұрыштың белгісіз элементтері арқылы сипатталып оларды арнайы формулалардың көмегімен табады не дәлелдейді. Геометрия есептері арқылы сапалы үйірме жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Мұндай жұмыстар тек оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай олардың кәсіптік білім алуына себепші болады.

One ofthe mainprioritiesfor qualityeducationin secondaryschoolsinmath-ahobby groupwork.Inmathematicalhobby groupwork, students are engaged notonlybyinterest,andit promoteslogical thinking, directs ona professionaltrack. Inthisarticle,alot ofexamples ofhowto organizehigh-qualityhobby groupwork.Different properties of plan metric and stereo metric figures are described as trigonometric relations unknown elements of triangles and polygons are special formulas. This article looks at solving problems through the introduction of unknown elements and had given some examples.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларына математикадан сапалы білім беруде олардың танымдық қызығушылығын дамытудың, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыра отырып, математикадан алатын білімді сапалы меңгеру үшін оқыту жұмысын жан-жақты жетілдірудің мәні зор. Сондықтан мұғалім өткізетін сабағының сапасын жақсартуы, сабақ кезінде бағдарламалық материалмен шектелмей, оның мазмұнын барынша терең және әр түрлі материалдар мен толықтырған жөн.

Осындай жалпы педагогикалық талаптарға жауап берерліктей жұмыс түрлерінің бірі - әр түрлі пәндерден жүргізілетін үйірмелер. Үйірме материалының мазмұны орта мектеп программасынан өте алшақ кетпей, сыныпта өтілген сабақтың логикалық жалғасы, оны тереңдетіп толықтыратындай болуы қажет. Үйірмені түрлендіріп өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Мысалы:

а) Фигуралардың моделін жасайтын және кабинетті жабдықтайтынүйірме жетекшісі өз жоспарын бейнелеу өнері және сызу, еңбек сабақтары мұғалімдерінің іс жоспарымен байланыстыра жасауы қажет. Үйірме жетекшісі бұл мұғалімдерден модельдердің көркем, эстетикалық талғамға сай болуы және оқушылар еңбегін дұрыс ұйымдастыру жөнінен кеңестер алуы керек.

ә) Қызықты есептер шешу үйірмесі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатын алға қояды. Әдетте, бұл үйірме 5-6 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады. Кроссвордтар, викториналар, фокустар мен жұмбақтар, әр түрлі математикалық сайыстар оқушылар қызығатындай алдын ала ойластырылуы керек.

б) Математиканың ғылым ретінде қалыптасу, даму тарихын үйренуоқушылардың дүниетанымын тәрбиелейді. Үйірме мүшелерін математиканың тарихымен таныстыру - олардың ғылымды терең меңгеруіне, ғылымдар арасындағы байланыс пен математиканың практикалық мұқтаждықтардан келіп шыққанын түсінуіне мүмкіндік береді.

г) Өзін-өзі басқару үйірмесінің негізгі мақсаты - ерекше дайындығы бар оқушыларды болашақ үйірме жетекшілері және математика пәнінің мұғалімі болуға тәрбиелеу. Бұл үйірмеге жоғары сынып оқушыларынан мұғалім болуға ыңғайы бар, математикадан үлгірімі жақсы 8-11 сынып оқушылары қабылданады. Бұлар 4-7 сынып оқушыларына үйірме өткізу үшін мұғалімнен қажетті тапсырма мен әдістемелік құралдар алады. Мұғалім болашақ үйірме жетекшілерін 4-7 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерімен және оларды педагогикалық шеберліктің алғашқы элементтерімен таныстырады. Тиянақты дайындықтан кейін үйірме жетекшілері математика пәні мұғалімінің көмегімен үйірме өткізеді. Мұғалім мұндай сыныптарды ерекше бақылауға алады, үйірме жетекшісінің сабақта артықшылық, кемшіліктерін көрсетеді. Үйірме жетекшісі үйірменің теориялық материалы мен есептерін шешуді толық меңгермейінше, оны сабақ өткізуге жібермейді. Бірнеше жыл үйірме басқарып, сабақ өткізген оқушы болашақта мұғалім мамандығын қалауы мүмкін. Үйірмені қосымша не факультативтік сабақтармен алмастыруға болмайды. Үйірме жұмысы белгілі бір тақырыптың мазмұнын терең ашатындай, мазмұны оқушылардың ойлау кабілетін дамытуға тиіс. Онда бір-бірімен байланысы жоқ есептерді, математиканың әр түрлі тарауларын қарастырудың пайдасы аз. Жан-жақты ойластырылып, арнайы құрастырылған есептер жүйесі оқушылардың ойлау қабілеті мен белсенді шығармашылық әрекетінің дамуына ықпал жасайтыны озат мұғалімдердің іс-тәжірибелерінде дәлелденген. Жоғарыда айтылған талаптарға сай, үйірме жұмысының үлгі екі сабағын қысқаша баяндаймыз.

1-сабақ (8-сынып).

а) Ұйымдастыру мәселесі:

ә) Л. Эйлердің өмірі туралы мұғалімінің қысқаша хабары.

Леонард Эйлер (1707—1783) XVIII ғасырдың ұлы математигі атанды. Ол 19 жасында тұңғыш ғылыми еңбегін жариялады және Афин Ғылым академиясы ұйымдастырған кеме діңгектерінің барынша дұрыс орналасуы конкурсына қатысты. Эйлер 20 жасында Петербургте профессордың көмекшісі, 16 жасында магистр (ғылым кандидаты), 26 жасында академик болды. Кеме жүргізу туралы талай құнды еңбектер жазды, Эйлер тынымсыз ұзақ ізденудің нәтижесінде артына 886 еңбек қалдырды. Қазір еңбектері 72 том болып жинақталды. Эйлер туралы М. Ө. Ысқақовтың математика мен математиктер жайындағы 3-кітабында жазылған. 1767 жылы Петербургте Эйлер «Универсальная арифметика» кітабын жазды. Бұл кітап Россияда математикалық білім беруде зор роль атқарды. Эйлер өз еңбектерінде көптеген теңбе-теңдіктерді құрастырды. Мысалы:

1. $(p^2+cq^2)\cdot(r^2+cs^2)=(pr+sqc)^2+(ps-qr)^2$.

2. $a^3+b^3+[b(2a^3+b^3):(a^3+b^3)]^3=(a(2b^3+a^3):(a^3+b^3))^3$.

Бұларды дәлелдеу оқушыларға тапсырылады.

3. Қатар тұрған төрт санның көбейтіндісіне 1-ді қосқанда, одан бір санның дәл квадраты шығатынын көрсетейік.

Дәлелдеуі: қатар тұрған 4 сан: $x,\ x+1,\ x+2,\ x+3,$ болсын.

Ендеше, $x(x+1)(x+2)(x+3)+1=a^2$.

$(x^2+3x)(x^2+3x+2)+1=(x^2+3x)^2+2(x^2+3x)+1=((x^2+3x)+1)^2$.

4. $(x+a)(x+2a)(x+3a)\cdot(x+4a)+a^4$ дәл квадрат болатынын көрсетейік.

Шешуі. 1,4 және 2,3 жақшаларды өзара көбейтіп түрлендірсек,

$(x^2+5ax+5a^2)^2$ шығады.

5. *a*-ның кез келген мәнінде $(a^2+3a+1)^2-1$ саны 24-ке бөлінетінін дәлелдеу керек.

Дәлелдеу і: $(a^2+3a+1)^2-1^2=(a^2+3a+1-1)\cdot(a^2+3a+2)$. Сонымен, $(a^2+3a+1)^2-1=a(a+1)\cdot(a+2)\cdot(a+3)$. Ал, 24 санын $1\cdot2\cdot3\cdot4$ түрінде жазуға болады. Қатар тұрған сандардың қасиеті бойынша айырма 24-ке бөлінеді.

6. m-санының кез келген тақ мәнінде $m^{12}-m^8+1-m^4$ саны 512-ге бөлінетінін дәлелдеу керек.

Дәлелдеуі:

$$m^{12}-m^8+m^4+1=m^8(m^4-1)-(m^4-1)=(m^4-1)(m^8-1)=(m^2-1)(m^2+1)\cdot$$

$$\cdot(m^4-1)(m^4+1)=(m^2+1)(m^4+1)(m-1)^2\cdot(m+1)^2.$$

m-нің тақ мәнінде m^4+1 саны жұп, (m^2+1) саны 4-ке бөлінеді. $(m+1)$ не

$(m-1)^2$ сандарының бірі 4-ке бөлінеді, екіншісі қатар тұрған жұпсандардың квадраты болғандықтан 16-ға бөлінеді. Сонымен берілген көпмүше m санының тақ мәнінде $2\cdot4\cdot4\cdot16=512$-ге бөлінеді.

7. Қатар тұрған бес оң санның квадраттарының қосындысы бүтін санның квадраты болмайтынын дәлелдеңдер.

Нұсқау. Есеп шартын $(m-2)^2+(m-1)^2+m^2+(m+1)^2+(m+2)^2=5(m^2+2)$ түрінде жазамыз. Бұдан әрі $5(m^2+1)$ санының дәл квадрат болатынын ол үшін (m^2+2) саны 5-ке бөлінетінін керсету керек. Ол үшін m^2саны 3 не 8 санымен аяқталуы керек. Бұл мүмкін емес, неге?

8. 2 санының қатар тұрған үш дәрежесінің қосындысы 7-ге бөлінетінін дәлелдеу керек, яғни $2^n+2^{n+1}+2^{n+2}=7-2^n$ (өз бетінше шешуге ұсынамыз).

9. Сызықтық кебейткіштерге жіктеңдер: $(a^2+b^2)(ab+cd)-(a^2+b^2-c^2-d^2)$.

2-сабақ (10 сынып)

а) Ұйымдастыру мәселелері.

ә) Айналу денелерінің толық бетінің ауданы мен көлемін табу әдістері және оны есептер шешуге қолдану жайындағы мұғалімнің баяндамасы. «Айналудан шығатын фигуралар».

Айналу денелері туралы ұғым «грек математикасының алтын ғасырына» дейінгі ғылымға белгілі. Айналу денелерінің көлемін табуға катысы бар ауырлық центрі туралы ұғым алғаш Архимед еңбектерінде кездеседі. Олпараллелограмның, үшбұрыштың, парабола сегментінің ауырлық центрін анықтады, бұларға сүйеніп «жазық фигураның тең-бетеңдігі немесе жазық фигураның ауырлық центрі туралы» еңбегін жазды.

Бұдан соң фигураның ауырлық центрі туралы александриялық Герон Папп және басқа көне заман ғалымдары еңбектер жазды. Папп өзінің, «Математикалық жинақ» атты жетінші кітабында айналу денесінің көлемі туралы дәлелдеусіз теоремалар келтіреді. Қазір бұл теоремалар швейцариялық математик Пауль Гюльдин (1577-1643) теоремалары деген атпен белгілі. Ғылымның қайта өркендеу дәуірінде көптеген ғалымдар мен архитекторлар айналуденелері және ауырлық центрі туралы мәселені зор ынтамен зерттеп, бұл теорияны одан әрі дамытты. Пирамиданың ауырлық центрі туралы дұрыс анықтаманы ұлы суретші Леонардо да Винчи берді.

Архимед «Коноид және сфероид» деген еңбегінде параболоид, гиперболоид, эллипсоид сегменттерінің көлемін есептейді. Оның жолын қуушы итальян ғалымы Лука Валерио (1552-1618) 1604 жылы «Дененің ауырлық центрі туралы» деген еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде коноид (параболоид) пен сфероидтың (элипсоидтың) сегменті мен қабаттарының ауырлық центрін анықтады, шар көлемін тапты, дөңгелек дененің бетінің ауданын оған іштей және сырттай сызылған баспалдақты дененің көлемін пайдаланып (кез келген дәлдікпен) табуға болатынын көрсетті. Әр түрлі фигураның ауырлық центрін анықтау - көне заманнан белгілі. Бұл әдіс Кавальери және оның жолын қуушылардың еңбектерінде кездеседі.

III ғасырдың екінші жартысында грек математигі Папп тұжырымдаған қазір Гюльдин теоремалары деп аталатын айналу денелерінің көлемін табатын формуланы қарастырайық:

1) L сызығы жазықтықтың d осінің бір жағында жатса, онда d осінен айналғанда L сызығы жасайтын беттің ауданы L сызығының ұзындығына оның ауырлық центрі сызған шеңбер ұзындығын көбейткенге тең. Мұндағы l сызықтың u ауырлық центрі осьті айналғандағы сызған шеңбер радиусы (1, а-сурет). Сонда айналудан шыққан беттің S ауданы $S = 2\pi ul$ формуласымен өрнектеледі. (Яғни жазықтықтағы сызықтың оны қиып өтпейтін және сол жазықтықта жататын осьтен айналуынан шығатын беттің шамасы сол айналатын сызықтың ұзындығы мен сызықтың ауырлық центрі сызып шығатын шеңбер ұзындығының көбейтіндісіне тең).



1-сурет.

2) Ауданы S болатын F жазық фигураның онымен қиылыспайтын осьтен айналуынан шыққан дененің көлемі $V = 2\pi uS$ формуласымен өрнектеледі. Мұндағы u фигураның ауырлық центрі сызған шеңбер радиусы (1, б-сурет). Жазықтықтағы тұйық фигураның оны қиып өтпейтін және сол жазықтықта жататын осьтен айналуынан шығатын дененің көлемі - сол айналатын фигураның ауданы мен фигураның ауырлық центрі сызып шыққан шеңбер ұзындығының көбейтіндісіне тең. Ғылым тарихында бұл теоремалар Гюльден - Папп теоремалары деп аталғанымен, бұлардың жалпы түрдегі шынайы дәлелдемесі Иоганн Кеплердің (1571-1630) 18-теоремасында және Бонавентура Ковальеридің (1592-1647) еңбектерінде келтірілді. Осы заманғы математикада бұл теоремалар анықталған интегралдың көмегімен дәлелденеді.



2-сурет.

1-мысал. Биіктігі H ені R-ге тең $АВСД$ төртбұрышының бір қабырғасынан айналғанда шығатын фигура толық бетінің ауданын табу керек (2-сурет).

Шешуі. *АВСД* төртбұрыш *СД* қабырғасынан толық бір рет айналса, одан цилиндр шығады. Жоғарыда аталған 1-теорема бойынша төртбұрыш периметрі $P = 2(H+R)$ ал шеңбер ұзындығы $c = 2\pi R$, бұл арада ауырлық центрі сызатын шеңбер радиусы *R:2*. Олай болса, цилиндрдің толық беті $S = 2\pi u \cdot P = 2\pi R(H+R)$.



3-сурет.

2-мысал. Катеттерінің ұзындығы *H* және *R*-ге тең тік бұрышты үшбұрыш бір катетінен айналғанда шығатын айналу бетінің көлемін табайық (3-сурет).

Шешуі. Тік бұрышты үшбұрыш *BC* қабырғасының бойымен айналсын делік. Сонда айналатын фигура

ауданы $\frac{1}{2}RH$, ал ауырлық центрі сызатын шеңберұзындығы

$2\pi\cdot\frac{R}{3}$.Демек, $V = S\cdot c = \frac{1}{2}RH\cdot 2\pi\cdot\frac{R}{3}$, $V = \frac{1}{3}\pi R^2 H$.



4-сурет.

3-мысал. Егер осьпен қиылыспайтын айналушы жазық фигура радиусы *r* дөңгелек және осы дөңгелектің центрінен айналу осіне дейінгі қашықтық *R* болса, онда айналудан шыққан дененің толық беті мен көлемі неге тең? (4-сурет).

Шешуі. Айналудан шыққан дене білезікке өте ұқсас болады, оны ғылыми тілде көбінесе тор деп атайды. Тордың бетінің ауданы $S = 2\pi r\cdot 2\pi R = 4\pi^2 Rr$, ал көлемі $V = \pi r^2\cdot 2\pi R = 2\pi^2 Rr^2$



5-сурет.

4-мысал. Қабырғасы *a*-ға тең квадраттың бір қабырғасынан айналуынан шыққан дененің көлемін табайық (5-сурет).

Шешуі. Квадрат бір қабырғасынан айналғанда биіктігі $H = a$, радиусы $R = a$-ғатең цилиндр сызып шығады. Цилиндрдің толық беті мен көлемін есептейтін формула бойынша дәстүрлі әдіспен есептесек,

$$S = S_{б/ба} + 2S_{т.а.} = 2\pi RH + 2\pi R^2,$$
$$S = 2\pi a^2 + 2\pi a^2 = 4\pi a^2.$$

$V = S_{т.а.}\cdot H = \pi a^2\cdot a = \pi a^3$.Бұл есепті Гюльден теоремасын пайдаланып, оңайшешуге болады. Квадрат диагоналдарының қиылысу нүктесін *0* десек, ауырлық центрі мен айналдырушы оське дейінгі қашықтық $Z = |0K| = \frac{a}{2}$ айналушы барлық сызықтардың ұзындығы, яғни квадраттың периметрі $4a$. Олай болса,

$$S_{цил} = 2\pi ZP = 2\pi\cdot\frac{a}{2}\cdot 4a.$$

$$S_{цил} = 4\pi a^2.$$

$$V_{цил} = 2\pi ZS = 2\pi\cdot\frac{a}{2}\cdot a^2.$$

$$V = \pi a^3.$$

Бір есепті әртүрлі тәсілмен шешіп, оқушыларды есептер шешудің теориялық, практикалық тәсілдері мен қаруландырамыз, қайсы тәсілдің қолдануға жеңіл және түсінікті болатынын оқушылардың өздері таңдайды.



6-сурет.

5-мысал. Параллелограмның қабырғалары 4 см, 6 см, сүйір бұрышы 30°. Параллелограмм *АД* қабырғасының бойымен айналғанда шығатын дененің толық бетін және көлемін табу керек (6-сурет).

Шешуі. Дәстүрлі әдіс бойынша есеп шартын талдасақ, *ABQ* үшбұрышынан $|BQ| = \frac{1}{2}|AB| = R$.(себебі 30°-қа қарсы жатқан бұрыш болғандықтан). $R = 2$ (см) $H = 6$ (см). Демек, $S = 2S_{кон} + S_{цил} = 2\pi Rl + 2\pi RH$; $S = 2\pi \cdot 2 \cdot 4 + 2\pi \cdot 2 \cdot 6 = 6\pi + 24\pi = 40\pi$ (см^2).

$V = V_{кон} + V_{цил} - V_{кон} = V_{цил}\ V_{цил} = \pi R^2 H = \pi \cdot 2^2 \cdot 6 = 24\pi$ (см^2).

Енді Гюльден теоремасын пайдаланып есептейміз, ол үшін біртіндеп *Z, l, h*шамаларын іздейміз. Ауырлық центрінен айналдырушы оське дейінгі қашықтық *Z*десек, $Z = \frac{|BQ|}{2}|OK| = 1$ $h = |BQ| = 2; P=2\cdot 4+2\cdot 6=20$ (см).

Табылған мәндерді формулаға қойсақ, $S = 2\pi Zl = 2\pi \cdot 1 \cdot 20 = 40\pi$ (см^2).

$V = S_{АВСД} \cdot 2\pi Z = 6 \cdot 2 \cdot 2\pi \cdot 1 = 24\pi$ (см^3).



7-сурет.

6-мысал.Қабырғасының ұзындығы *a,* сүйір бұрышы α ромб өзінің бір қабырғасына перпендикуляр түзу бойымен айналады. Айналудан шыққан дененің толық бетін және көлемін табу керек (7-сурет).

Шешуі:*AB* қабырғасын радиус, *BC* қырын жасаушы ретінде алсақ, қиық конустың бүйір бетін табамыз. Бұл арада жасаушы *АД* болатын ішкі толық конустың бүйір бетін жалпы қиық конустың бүйір бетіненалу керек. Бұл тәсілмен айналу денесінің бетін табу қиындау.

Гюльден теоремасының көмегімен шешсек, есеп жеңілдейді. Ромбы-ның ауырлық центрінен айналу осіне дейінгі жүргізілген *OK* түзуін ізделік. *ABO, AOK* үшбұрыштарынан:

$$|AO| = |AB|\cos\frac{\alpha}{2} = a\cos\frac{\alpha}{2}, \qquad \angle AOK = \frac{\alpha}{2},$$

$$|OK| = |OA|\cdot\cos\frac{\alpha}{2} = a\cos\frac{\alpha}{2}\cdot\cos\frac{\alpha}{2} = a\cos^2\frac{\alpha}{2}$$

Сонымен, $Z = a\cos^2\frac{\alpha}{2}$,

$$S = 2\pi Z \cdot L = 2\pi a \cdot \cos^2\frac{\alpha}{2} 4a = 8\pi a^2\cos^2\frac{\alpha}{2}$$

$$V = S_{ромб} \cdot 2\pi R \cdot Z = \frac{1}{2}(2a^2 \sin\alpha) \cdot 2\pi a \cos^2 \frac{a}{2} = 2\pi a^3 \sin\alpha \cdot \cos^2 \frac{\alpha}{2},$$

$$V = 2\pi a^3 \sin\alpha \cdot \cos^2 \frac{\alpha}{2},$$

Жоғарыда көрсетілген есептерді шығару арқылы оқушылардың логикалық ойлау және кеңістікті көз алдына елестету қабілеттерін дамытуға болады.

1. Готман Э.Г. Задачи по планиметрии и методы их решения: Пособие для учащихся. –М. Просвещение: АО «Учеб.лит», 1996-240с.
2. Гусев В.А., Кожухов И.Б., Прокофьев А.А. Геометрия. Полный справочник. –М.: Махаон, 2006-320с.
3. С.О. Сатыбалдиев, Қ. Қаңлыбаев. Геометрия есептерін шешу әдістемесі. Педагогикалық оқу орындары физика-математика факультеттерінің студенттеріне арналған көмекші құрал. А.: РБК. 2011-103б.
4. Қ.Қаңлыбаев. Геометриядан таңдамалы есептер. Орта мектеп оқушыларына арналған құрал. А.: РБК. 2011-115б.

ӘОК 517.956

Р.Қ. Керімбаев

КЕЛЛЕР ЭНДОМОРФИЗМІ АВТОМОРФИЗМ БОЛАДЫ

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Проблеманың қойылуы. $U = P[x, y]$ – екі айнымалы көпмүшеліктер сақинасы болсын. $\varphi : U \to U$ эндоморфизмі келесі формулалармен анықталсын: $\varphi(x) = f(x, y)$, $\varphi(y) = g(x, y)$, мұндағы f пен g U –дағы көпмүшеліктер. Егер $f_x g_y - f_y g_x = const \neq 0$ болса, онда $\varphi \in Aut(U)$ болады. Бұл проблема 1939 жылы Келлердің қойылуымен белгілі. Бұл жерде біз U көпмүшеліктер сақинасын ассоциативті-коммутативті алгебра ретінде қарастырамыз. Сонда φ U алгебрасының эндоморфизмі болады. Бұл проблема бойынша көптеген ғылыми мақалалар жарияланды. Бірақ осы проблеманың шешуі әлі толық аяқталған жоқ. Ол атақты якобиан проблемасы деп аталады. Төменде біз осы проблеманың толық шешімін беруге тырысамыз.

Постановки проблемы. Пусть $U = P[x, y]$ – кольцо многочленов от двух переменных. $\varphi : U \to U$ эндоморфизм определенный со следующими формуламы: $\varphi(x) = f(x, y)$, $\varphi(y) = g(x, y)$, где f и g – многочлены из U. Если $f_x g_y - f_y g_x = const \neq 0$, то $\varphi \in Aut(U)$. Данная проблема поставлена Келлером в 1939 году. Здесь мы рассматриваем U как ассоциативно-коммутативную алгебру. Тогда φ является эндоморфизмом алгебры. По данной проблеме было опувликовано множество научных работ. Но окончательное решение проблемы полностью не завершено. Это есть знаменитая проблема якобиана. Ниже мы попытаемся дать полное решение данной проблемы.

The point of the problem. $U = P[x,y]$ – two variables polynomial ring. $\varphi : U \to U$ endomorphism is defined by next formula: $\varphi(x) = f(x,y)$, $\varphi(y) = g(x,y)$, here f and g are polynomials of U. In case of $f_x g_y - f_y g_x = const \neq 0$, then $\varphi \in Au(U)$. This problem became famous in 1939 by the proposal of Keller. Here we consider U polynomials ring as associative-commutative algebra. Then φ is endomorphism of algebra U. A great number of scientific articles was written concerning this problem. But the solving of this problem wasn't finished completely. It was called well-known Jacobian problem. In next pages we will' try to give a complete solving to this problem.

Ли алгебрасы және модульдер

$(U, \cdot)$ жұбы ассоциативті-коммутативті алгебра болатынын жоғарыда айттық. Сонымен бірге ол градуировкалы алгебра болады:

$$U_i \cdot U_j = U_{i+j}, \quad 0 \le i, j < \infty \quad i, j \in N \bigcup \{0\},$$

мұндағы $U_i = \left\langle x^\alpha y^\beta \middle| \alpha + \beta = i,\ \alpha, \beta \in N \bigcup \{0\} \right\rangle$ – U алгебрасының біртекті компонентасы. Бұл жерде $U_0 = P$ – характеристикасы нөлге тең өріс,

$$U = U_0 \oplus U_1 \oplus U_2 \oplus \ldots = \sum_{i=0}^{\infty} U_i .$$

Енді біз U кеңістігін жаңа көбейту амалын енгізу арқылы Ли алгебрасына айналдырамыз. Егер $f, g \in U$ үшін $[f, g] = f_x g_y - f_y g_x$ деп алсақ, біз жаңа алгебраны аламыз. Ол Ли алгебрасы болады. Сонымен $(L, [\cdot,\cdot])$ – Ли алгебрасы, мұндағы $L = U$. L Ли алгебрасы да градировкаға ие болады.

$$L = L_{-2} \oplus L_{-1} \oplus L_0 \oplus L_1 \oplus L_2 = \sum_{i=-2}^{\infty} L_i ,$$

мұндағы $L_i = \left\langle x^\alpha y^\beta \middle| \alpha + \beta = i + 2 \right\rangle = U_{i+2}$,

$$\lfloor L_i, L_j \rfloor = L_{i+j}, \qquad -2 \le i, j < \infty, \ \ i, j \in Z .$$

$L_{-2} = P$ компонентасы L Ли алгебрасының идеалы болады. $L_0 = \left\langle x^2, xy, y^2 \right\rangle$ L Ли алгебрасының ішкі алгебрасы болады. Ал L_i компоненталары L_0–модульдер болады және олар келтірілмейтін L_0–модульдер. L_0 Ли алгебрасы sl_2 Ли алгебрасына изоморфты. L / L_{-2} жай Ли алгебрасы болады. Келтірілмейтін L_0–модульдердің аға векторлары x^{i+2}, ал кіші векторлары y^{i+2} болады, яғни $L_i = \left\langle x^{i+2} \right\rangle$, $-2 < i \in Z$. Аға вектор деп $x^2(l) = \lfloor x^2, l \rfloor = 0$ болатын $l \in L$ векторын айтамыз, ал кіші вектор деп $y^2(l) = \lfloor y^2, l \rfloor = 0$ болатын $l \in L$ векторын айтамыз.

Айта кететін бір жайт $((U,\cdot),(L,[\cdot,\cdot]))$ жұбы Пуассон алгебрасы деп аталады, яғни олар үшін $[l, u \cdot v] = [l, u] \cdot v + u \cdot [l, v]$ Лейбниц тепе-теңдігі орындалады.

Екінші ретті гомология тобы

Енді $L := \overline{L} = L \big/ L_{-2}$ Ли алгебрасын қарастырамыз. Жоғарыда айтқанымыздай, ол жай Ли алгебрасы болады. Осы алгебра үшін екінші ретті гомология тобын енгіземіз. Ол үшін шынжырлы кеңістікті анықтаймыз:

$$C_2(L) = L\Lambda L = \langle u\Lambda v \mid u, v \in L\rangle.$$

Бізге тағыда $C_3(L) = L\Lambda L\Lambda L$ және $C_1(L) = L$ - шынжырлы кеңістіктері керек болады. Бұл кеңістіктердің үшеуі де L_0 - модульдер болады. Осы кеңістіктер үшін шекаралық операторларды анықтайық.

$$\partial_3 : C_3(L) \to C_2(L) : \partial_3(u\Lambda v\Lambda w) = u\Lambda(v, w) + v\Lambda(w, u) + w\Lambda(u, v),$$

$$\partial_2 : C_2(L) \to C_1(L) : \partial_2(u\Lambda v) = (v, u).$$

Якоби тепе-теңдігінен $\partial_2 \circ \partial_3 = 0$ екені шығады. Осыдан $\mathrm{Im}\partial_3 \le Ker\partial_2$ екендігі орындалады. $H_2(L) = Ker\partial_2 / \mathrm{Im}\partial_3$ – фактор кеңістігін L Ли алгебрасының екінші ретті гомологиясы деп атаймыз. $\mathrm{Im}\partial_3 = B_2(L)$ – шекаралар кеңістігі, ал $Z_2(L) = Ker\partial_2$ – циклдар кеңістігі деп атайды. Бұл үш кеңістіктер де L_0 - модульдер болады. Сонымен бірге

$$\partial_3 \circ l = l \circ \partial_3, \quad \partial_2 \circ l = l \circ \partial_2, \quad l \in L_0.$$

тепе-теңдігі орындалады.

Сонымен осы параграфтың негізгі нәтижесін келтірейік.

Теорема 1. $L = L_{-1} \oplus L_0 \oplus L_1 \oplus L_2 \oplus \ldots$ Гамильтон Ли алгебрасының екінші ретті $H_2(L)$ гомология тобы бір өлшемді болады да, ол $\overline{x\Lambda y}$ класымен құрылады, яғни

$$H_2(L) = \langle \overline{x\Lambda y} \rangle.$$

Дәлелдеуі. Теореманың дәлелі үш қадамнан тұрады. әуелі мынаны байқаймыз. Егер $c \in C_2(L)$ цикл болып оның салмағы нөлден өзгеше болса, онда ол шекара болады. Шыныменде $xy(c) = \lambda(c)c$ болса, онда біз $xy\Lambda c \in C_3(L)$ үш-шынжырын қарастырамыз.

$$\partial_3(xy\Lambda c) = -xy(c) - xy\Lambda\partial(c) = -\lambda(c)c \quad \text{бұдан} \quad c = -\frac{1}{\lambda(c)}\partial_3(xy\Lambda c) \in B_2(L)$$

екенін көреміз.

I. $L_{-1}\Lambda L_{-1} = \langle x\Lambda y\rangle$, $\partial_2(x\Lambda y) = 0$ ендеше $x\Lambda y \in Z_2(L)$. $L_{-1} = [L_{-1}, L_0]$ болғандықтан бізде келесі төрт мүмкіндік бар $2x = \lfloor x^2, y\rfloor$, $x = [x, xy]$, $2y = \lfloor x, y^2\rfloor$, $y = [xy, y]$. Бізге тек $x\Lambda xy\Lambda y$ шынжырының бейнесін қарастыру ғана қалды. $\partial_3(x\Lambda xy\Lambda y) = -x\Lambda y - y\Lambda x = 0$. Бұдан $x\Lambda y \notin B_2(L)$ екендігі шығады.

Енді $L_{-1}\Lambda L_k = \langle x\Lambda x^{k+2}\rangle \oplus \langle x\Lambda x^{k+1}y - y\Lambda x^{k+2}\rangle$, $k \ge 0$ модулін қарастырамыз. $x\Lambda x^{k+2} \in B_2(L)$ екені түсінікті.

Ал $\partial_2\left(x\Lambda x^{k+1}y - y\Lambda x^{k+2}\right) = -x^{k+1} - (k+2)x^{k+1} = -(k+3)x^{k+1} \ne 0$, цикл емес.

II. $L_0\Lambda L_0=\langle x^2\Lambda xy\rangle,\quad \partial\left(x^2\Lambda xy\right)=-2x^2\neq 0$ – циклі жоқ, үш өлшемді келтірілмейтін модуль. Аға векторы цикл емес.

$$L_0\Lambda L_k=\left\langle x^2\Lambda x^{k+2}\right\rangle\oplus\left\langle x^2\Lambda x^{k+1}y-xy\Lambda x^{k+2}\right\rangle\oplus\left\langle x^2\Lambda x^k y^2-2xy\Lambda x^{k+1}y+y^2\Lambda x^{k+2}\right\rangle,\ k>0$$

Бірінші және үшінші аға векторлар салмағы нөлден өзгеше циклдар болғандықтан олар шекара болады. Ал екінші аға вектор цикл болмайды:

$$\partial_2\left(x^2\Lambda x^{k+1}y-xy\Lambda x^{k+2}\right)=-2x^{k+2}-(k+2)x^{k+2}=-(k+4)x^{k+2}\neq 0.$$

III. Соңғы қадамда біз $L_1\Lambda L_1$ және $L_1\Lambda L_k,\ k>1$, модульдерді қарастырамыз. Бұл жерде салмағы нөлге тең бір цикл шығады. Оның да шекара екенін көрсетеміз.

$L_1\Lambda L_1=\left\langle x^2\Lambda x^2y\right\rangle\oplus\left\langle x^2\Lambda y^3-3x^2y\Lambda xy^2\right\rangle$ болады. Бірінші аға вектор цикл емес, $\partial_2\left(x^3\Lambda x^2y\right)=-3x^4\neq 0$. Екінші аға вектор – салмағы нөлге тең цикл. Оның шекара екенін көрсету үшін біз $L_1\Lambda L_k,\ k>1$, модулін жіктейміз.

$$L_1\Lambda L_k=\left\langle x^3\Lambda x^{k+2}\right\rangle\oplus\left\langle x^3\Lambda x^{k+1}y-x^2y\Lambda x^{k+2}\right\rangle\oplus\left\langle x^3\Lambda x^k y^2-2x^2y\Lambda x^{k+1}y+xy^2\Lambda x^{k+2}\right\rangle\oplus$$

$$\oplus\left\langle x^3\Lambda x^{k-1}y^3-3x^2y\Lambda x^k y^2+3xy^2\Lambda x^{k+1}y-y^3\Lambda x^{k+2}\right\rangle,\ k>1.$$

Бұл жерде екінші аға вектор цикл болмайды:

$$\partial_2\left(x^2\Lambda x^{k+1}y-x^2y\Lambda x^{k+2}\right)=-3x^{k+3}-(k+2)x^{k+3}=-(k+5)x^{k+3}\neq 0.$$

Қалған аға векторлар-салмағы нөлден өзгеше циклдар. Сондықтан олар шекара болады.

$k=2$ болғанда $L_1\Lambda L_k$ модулінің төртінші келтірілмейтін компонентасы екі вектордан тұрады. Олар мыналар

$$v_1=x^3\Lambda xy^3-3x^2y\Lambda x^2y^2+3xy^2\Lambda x^3y-y^3\Lambda x^4$$

және

$$v_2=x^3\Lambda y^4-3x^2y\Lambda xy^3+3xy^2\Lambda x^2y^2-y^3\Lambda x^3y.$$

Бұларға, сәйкесінше, y және x -пен әсер ете отырып келесі векторларды аламыз:

- Обеспечение возможности индивидуальной настройки интерфейса с целью эффективного поиска необходимой информации. Это требование обусловлено тем, что портал предоставляет единую среду доступа к большому объему данных для разных категорий пользователей. Для того чтобы исключить ненужную информацию и в то же время не пропустить ничего важного, необходимо предусмотреть механизмы фильтрации образовательных ресурсов.
- Обеспечение развитой, многоступенчатой системы поиска необходимого образовательного ресурса по названию, разработчику, учебной дисциплине, направлению подготовки, а также произвольному сочетанию ключевых слов.

1. Корнеев И.К., Година Т.А. Информационные технологии в управлении. М.: Финстатинформ,1999.
2. Ильченко О. А., Лобанов Ю. И. Функционально-целевой метод оценки качества сетевых дидактических технологий: Материалы II Всероссийской научно-практической конференции «Образовательная среда сегодня и завтра». 28.09.05-01.10.05.М.: Рособразование,2005.384с. С.114-115.
3. Абдуразаков М.М., Матросов В.Л. Информатизация и компьютеризация образования. Материалы Международной научно-практической конференции: Ценностные приоритеты общего и профессионального образования (12-14 сентября,2000). Ч.2.М.: МПГУ, 2000. С. 52-53.
4. Абдраимов Д. И. Информатизация системы технического и профессионального образования: управленческий аспект подготовки преподавателей. Алматы.: «Мектеп» 2010.

ӘОЖ 621.01

З.Ғ. Уалиев, Ү.С. Божымбетова*

СЕРПІМДІ ИТЕРГІШТІ ЖҰДЫРЫҚШАЛЫ МЕХАНИЗМНІҢ БІРМАССАЛЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ҮЛГІСІ

*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *-магистрант)*

В статье рассматриваются вопросы движения кулачковых механизмов с упругим толкателем. Составлены уравнения движения, получен график зависимости между перемещением толкателя и углом поворота кулачка. Определены коэффициенты скоростей и ускорений толкателя для кулачковых механизмов с упругими толкателями.

In article it is considered questions about cam mechanisms with elastic pushers. The movement equations are worked out, the dependence schedule between moving of a pusher and a cam angle of rotation is received. The equations factors of speeds and accelerations of a pusher for cam mechanisms with elastic pushers are defined.

Серпімді итергішті жұдырықшалы механизмдегі тербелісті зерттеу үшін бірмассалы динамикалық үлгіні қарастыру жеткілікті, себебі, әдетте жұдырықшалы біліктің қатаңдығы итергіш қатаңдығынан үлкен. Сонымен қатар, жұдырықшаның бұрыштық жылдамдығы $\omega = const$ тұрақты деп есептеледі.

Механизм қозғалысы бір нүктеге түсірілген деп есептелетін (итергіштің жоғарғы ұшында), массасы m итергіштің қозғалысының дифференциалдық теңдеуімен анықталады. Итергіштің серпімді күшінің әсері m массасы мен жұдырықша арасындағы серіппемен берілген. m массасына F сыртқы күші және итергіштің жоғарғы ұшының жылдамдығына пропорционал $F_{уйк}$ үйкеліс күші әсер етеді. Итергіштің төменгі (серіппе) ұшы жұдырықшамен бірге қозғалады, яғни өте төменгі орнынан бастап есептелетін итергіш ұшының s орын ауыстыруы жұдырықша кескінімен анықталады. Итергіштің жоғарғы ұшының y орын ауыстыруы s орын ауыстыруынан итергіштің серпімділігі салдарынан ерекшеленеді [1].

Серпімді түзу сызықты қозғалушы итергіші бар жұдырықшалы механизмнің қозғалыс теңдеуі. 1-суретте көрсетілген динамикалық үлгі үшін [2]

$$m\ddot{y} = c(s - y) - b\dot{y} - F, \tag{1}$$

мұндағы b – кедергі коэффициенті, c – итергіштің қатаңдық коэффициенті.
(1) теңдеуден мынаны аламыз

$$m\ddot{y} + by + cy = cs - F, \tag{2}$$

(2) қозғалыс теңдеуінің оң жағына кіретін s шамасы толығымен жұдырықша кескінімен анықталады және берілген уақыт функциясы болып табылады.

$s(t)$ функциясын *кинематикалық өршіту* деп атайды, себебі серпімді тербеліс сипаты оның түріне тәуелді.

s және y орын ауыстырулары модулі жағынан аз ерекшеленеді, және сондықтан да серпімді білікті механизм тербелісін қарастырғандағыдай, жалпыланған координата ретінде

$$q = y - s \tag{3}$$

айырымын алған ыңғайлы.



1-сурет

Онда серпімді итергішті жұдырықшалы механизмнің қозғалыс теңдеуі мына түрде жазылады [3]

$$m\ddot{q} + b\dot{q} + cq = -m\ddot{s} - b\dot{s} - F, \tag{4}$$

немесе

$$\ddot{q} + 2\gamma\dot{q} + \lambda^2 q = -\ddot{s} - 2\gamma\dot{s} - \frac{F}{m}, \tag{5}$$

мұндағы $\gamma = b/(2m)$ – демпферлеу коэффициенті, $\lambda = \sqrt{c/m}$ – механизмнің меншікті жиілігі.

$\gamma < \lambda$ болғанда (5) теңдеуі, шешімі оның оң бөлігіне тәуелді болатын, яғни F күшінің өзгеру заңынан және жұдырықша кескінімен анықталатын $\dot{s}$ және $\ddot{s}$ туындыларынан тәуелді тербелмелі түрдегі қозғалыстың сызықты теңдеуі болып табылады. Бұл туындылар жұдырықшаның ω бұрыштық жылдамдығымен

$$\dot{s} = \omega \frac{ds}{d\varphi}, \quad \ddot{s} = \omega^2 \frac{d^2 s}{d\varphi^2}, \tag{6}$$

қатынастары арқылы байланысады, мұндағы $\varphi -$жұдырықшаның бұрылу бұрышы.

Итергіштің төменгі жақ қозғалысының $s(t)$ типтік заңы жағдайында алынатын, итергіштің серпімді тербелісі сипаттамаларын салыстыру кезінде, әдетте $F = 0$ (таза инерциялық жүктеме) және $\gamma = 0$ (үйкелістің болмауы) деп қабылдайды. Онда (5) қозғалыс теңдеуі

$$\ddot{q} + \lambda^2 q = -\ddot{s} \tag{7}$$

Серпімді айналмалы итергіші (күйентесі) бар жұдырықшалы механизм қозғалысының теңдеуі. Айналмалы итергіш жағдайында q жалпыланған координатасы $q = \psi_y - \psi$ өрнегімен анықталады, мұндағы $\psi_y -$серпімді итергіштің бұрылу бұрышы, $\psi -$жұдырықшаның кескініне ғана тәуелді болып келетін қатаң итергіштің бұрылу бұрышы. Бұл жағдайда (7) қозғалыс теңдеуі мынадай болып түрленеді:

$$\ddot{q} + \lambda^2 q = -\ddot{\psi},$$

мұндағы $\lambda^2 = c/J$, $c -$итергіш білігінің бұралу қатаңдығы, $J -$айналу өсіне қарағандағы итергіштің инерция моменті.

Жұдырықшалы механизмдердегі шығыс звеносы қозғалысының типтік заңы.

Жұдырықшалы механизмдердегі шығыс звеносы қозғалысының фазасы. 2-суретте машина-автоматтар үшін итергіштің s орын ауыстыруы мен жұдырықшаның φ бұрылу бұрышы арасындағы типтік тәуелділік көрсетілген. $s(\varphi)$ графигінің түріне сәйкес φ_θ бұрышындағы бөлігі - *өрлеу фазасы* деп, ал $\varphi_т$ бұрышындағы бөлігі – *түсу фазасы* деп аталады. Олардың арасында кідіріс фазасы болуы мүмкін: $\varphi_{жк}$ $-$*жоғарғы кідіріс*, $\varphi_{тк}$ $-$*төменгі кідіріс.*



2-сурет

Жұдырықшаның бірқалыпты айналуы кезінде $s(\varphi)$ графигі басқа масштабта $s(t)$ графигін береді. Бұл жағдайда өрлеу фазасының өту уақыты - t_θ, түсу фазасынікі - t_m, жоғарғы кідіріс фазасынікі - $t_{жк}$, төменгі кідіріс фазасынікі - $t_{тк}$.

Көптеген жұдырықшалы механизмдер үшін технологиялық процесстерді орындау шарты тек жұдырықшаның фазалық бұрылу бұрышын анықтайды. Әрбір өрлеу және түсу фазасының ішінде шығыс звеносының жұдырықшаның бұрылу бұрышынан немесе уақыттан тәуелділігі сәйкесінше әр түрлі қосымша шарттармен алынуы мүмкін.

Жұдырықшалы механизмдердегі шығыс звеносы қозғалысының типтік заңының өлшемсіз коэффициенттері. Бірдей жиектемелік шарттарды қанағаттандыратын шығыс звенолардың қозғалыс заңдарын механизмнің кинематикалық және динамикалық сипаттамаларын өрнектейтін өлшемсіз коэффициенттер көмегімен салыстырады. Мысалы, жұдырықшалы механизмнің итергішінің $s = s(t)$ қозғалыс заңы үшін мына жиектемелік шарттар берілген: өрлеу фазасының басында $t = 0$ және $s = 0$, соңында $t = t_0$ және $s = h$. Онда итергіштің максимал υ_{max} жылдамдығы мен a_{max} үдеуі өлшемсіз коэффициенттермен сипатталады

$$\delta_{max} = \frac{\upsilon_{max}}{h/t_\theta}, \quad \xi_{max} = \frac{a_{max}}{h/t_\theta^2}.$$

1-кестеде итергіштің серпімділігін ескермей алынған δ_{max} және ξ_{max} коэффициенттерімен кейбір қолданушы қозғалыс заңдары келтірілген. Жұдырықшалы-күйентелі механизмдер үшін s және h орнында күйентенің ψ және ψ_{max} бұрылу бұрыштары болуы қажет. Өлшемсіз коэффициенттер дәл сондай мәнге ие болады және күйентенің максимал бұрыштық жылдамдығы мен максимал үдеуін сипаттайды.

Қозғалыстың қарапайым заңы ретінде тұрақты жылдамдық заңы алынады (бірқалыпты қозғалыс), бұл кезде итергіштің максимал жылдамдығы ең кіші мәніне ие болады. Бірақ қозғалыстың басы мен соңында қатаң соққы болады.

1 - кесте

Қозғалыс заңы	Графигі	Өлшемсіз коэффициент тер	
		δ_{max}	ξ_{max}
Тұрақты жылдамдық		1	∞
Тұрақты үдеу		2	4

Тұрақты үдеулер заңын қолданып, қатаң соққыны болдырмауға болады, бұл кезде итергіш алдымен бірқалыпты үдемелі, содан кейін бірқалыпты кемімелі қозғалыс жасайды. Бірақ та бірқалыпты үдемелі қозғалыстан бірқалыпты кемімелі қозғалысқа көшу барысында үдеудің бағыты лезде өзгереді, және де сәйкесінше, инерция күші де (жұмсақ соққы) өзгереді, ал бұл серпімді тербеліске және динамикалық жүктеменің өсуіне әкеп соғады.

1. Уалиев Ғ.У., Бисембаев К., Өміржанова Ж.М. Тербелістер теориясы. -Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ баспасы, 2009.

2. Ө.А.Жолдасбеков., Машиналар механизмдерінің теориясы. -Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972.
3. Вульфсон И.И. Типовые задачи динамики с учетом упругости звеньев. Л.: Ленингр. политехн. ин-т, 1977.

ӘОЖ 621.01

З.Г. Уалиев, Ж.М. Өміржанова, Ү.С. Божымбетова*

ЖҰДЫРЫҚШАЛЫ МЕХАНИЗМНІҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІНДЕГІ ТЕРБЕЛІСТЕР

*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *-магистрант)*

В статье рассматриваются вопросы колебании выходного звена кулачкового механизма. Составлены уравнения движения для выходного звена. Получены графики скоростей и динамические коэффициенты выходного звена для кулачковых механизмов с упругим толкателем.

In article questions oscillations of a output link cam mechanism are considered. The equations of movement for a target link are worked out. Schedules of speeds and dynamic factors of a target link for cam mechanisms with an elastic pusher are received.

Қозғалыстан шығу бөлігі үшін механизмнің қозғалыс теңдеуін мына түрде жазамыз

$$\ddot{q} + \lambda^2 q = a_T \tag{1}$$

Мұнда, q - жалпылама координата, a_T - келтірілген күш.

Бұл механизмнің қозғалысқа келу бөлігіндегі $\ddot{q} + \lambda^2 q = -a_T$ теңдеуінен тек оң жағының таңбасымен ерекшеленеді және сәйкесінше оның шешімі мына түрде болады

$$q = C_1 \cos \lambda t + C_2 \sin \lambda t + \frac{a_T}{\lambda^2}.$$

Интегралдау тұрақтыларын анықтау үшін қозғалыстан шығу бөлігінің басында $t = 0; q = q_0; \dot{q} = \dot{q}_0$ деп аламыз. Онда

$$q_0 = C_1 + \frac{a_T}{\lambda^2} \text{ және } \dot{q} = \lambda C_2$$

немесе

$$C_1 = q_0 - \frac{a_T}{\lambda^2} \text{ және } C_2 = \frac{\dot{q}_0}{\lambda}.$$

Қозғалыс уақытының алдыңғы санағына келетін болсақ,

$$q = q_0 \cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta) + \frac{\dot q_0}{\lambda}\sin\lambda(t - 0{,}5t_\theta) +$$
$$+ \frac{a_T}{\lambda^2}\left[1 - \cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta)\right],$$
$$\dot q = -\lambda q_0 \sin\lambda(t - 0{,}5t_\theta) + \dot q_0 \cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta) +$$
$$+ \frac{a_T}{\lambda^2}\sin\lambda(t - 0{,}5t_\theta),$$
$$\ddot q = \left(a_T - \lambda^2 q_0\right)\cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta) - \lambda\dot q_0 \sin\lambda(t - 0{,}5t_\theta). \tag{2}$$

Қозғалыстан шығу бөлігіндегі динамикалық коэффициент (2) формуладан шығатыны, $\ddot q -$ң максимал мәні, сәйкесінше, қозғалысқа келу бөлігіндегі үдеу бойынша динамикалық коэффициенті қозғалысқа келудің басындағы q және $\dot q$ мәндерінен тәуелді[1]. Мысалы, егер қозғалысқа келу бөлігіндегі серпімді тербелістер үйкеліс әсерінен $t = 0{,}5t_к$ уақыт мезетіне дейін өшіп үлгеретін болса, $q_0 = 0;\quad \dot q_0 = 0$ болады және итергіштің серпімділігін ескерген кездегі қозғалысқа келу бөлігіндегі үдеуі

$$\ddot y = -a_T + a_T \cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta). \tag{3}$$

Бұл үдеудің модулінің максимал мәні $|\ddot y|_{\max} = 2a_T$ және үдеу бойынша динамикалық коэффициент [2]

$$K_{үдеу} = \frac{|\ddot y|_{\max}}{a_T} = 2. \tag{4}$$

Егер тербеліс өшпелілігі жоқ болса, онда қозғалысқа келу бөлігінің басында q және $\dot q$ мәндері

$$q = \frac{a_T}{\lambda^2}(\cos\lambda t - 1),\quad \dot q = -\frac{a_T}{\lambda}\sin\lambda t,\quad \ddot q = -a_T\cos\lambda t, \tag{5}$$

формуласынан анықталады, бұл жерде

$$0{,}5t_\theta = mt_c + \alpha t_c;$$

мұндағы $m -$меншікті λ жиілікті тербелістердің t_c периоды санына тең $t = 0$ ден $t = 0{,}5t_\theta$ аралығындағы бүтін сан.

Бұдан мына қатынастар шығады:

$$t_c = \frac{t_\theta}{2(m + \alpha)} \quad \text{немесе} \quad \lambda = \frac{4\pi}{t_\theta}(m + \alpha). \tag{6}$$

$\alpha = 0$ болғанда, яғни $\lambda \cdot 0{,}5t_\theta = 2\pi m$, онда (5) теңдеулерінен: $q_0 = 0$ және $\dot q_0 = 0$. Бұл жағдайда $K_{үдеу} = 2.$ 1-суретте $\ddot s$ және $\ddot y -$ нің сәйкес жиектері көрсетілген.

$\alpha = 0{,}5$ болғанда, яғни $\lambda \cdot 0{,}5t_\theta = 2\pi m + \pi,$ онда

$$q_0 = -2\frac{a_T}{\lambda^2};\quad \dot q_0 = 0;\quad \ddot q = 3a_T\cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta),$$
$$\ddot y = -a_T + 3a_T\cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta).$$

Бұл жағдайда үдеу бойынша динамикалық коэффициент ең үлкен мәнге ие болады [3]

$$K_{үдеу} = \frac{|\ddot y|_{\max}}{a_T} = 4, \tag{7}$$

яғни, a_T-дан 0-ге дейінгі және 0-ден $-a_T$-ға дейінгі $\ddot{s}(t)$ үдеуінің секірмелі әсері қосылады.



1-сурет

Аралық жағдайында, мысалы $\alpha = 0{,}25$ болғанда:

$$q_0 = -\frac{a_T}{\lambda^2}; \quad \dot{q}_0 = -\frac{a_T}{\lambda};$$

$$\ddot{q} = -a_T + a_T \cos\lambda(t - 0{,}5t_\theta) + a_T \sin\lambda(t - 0{,}5t_\theta),$$

және үдеу бойынша динамикалық коэффициент аралық мән қабылдайды

$$K_{үдеу} = \frac{|\ddot{y}|_{\max}}{a_T} = 3.$$

1, б-суретте осы жағдай үшін $\ddot{s}$ және $\ddot{y}$ графигі көрсетілген.

1. Уалиев Ғ.У., Бисембаев К., Өміржанова Ж.М. Тербелістер теориясы. -Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ баспасы, 2009.
2. Ө.А.Жолдасбеков., Машиналар механизмдерінің теориясы. -Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972.
3. Пановко Я.Г., Губанова И.И. Устойчивость и колебания упругих систем. «Наука», 1964.

ӘОЖ 524
PACS 98.62.Gq

А.Ж. Умиралиева*, Е.К. Аймуратов*, Г.М. Авхунбаева**

ГАЛАКТИКАНЫҢ ЖАСЫРЫН МАТЕРИЯ ГАЛОСЫНДАҒЫ ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІНІҢ АУЫТҚУЫ ТУРАЛЫ. І.

(*Алматы қ., *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты, **Фесенков атындағы астрофизикалық институт инженері)*

В работе исследовано отклонение лучей света в гало темной материи галактик, которые описываются профилями Наварро-Френка-Уайта и Баркета. Численные оценки углов отклонения дают величины ~0,"00001, которые на два порядка меньше точности, достигнутой при гравитационном микролинзировании.

The deflection of light rays in the halos of dark matter described by Navarro-Frenk-White and Burket profiles were searched. Numerical estimations for deflecting angles gives magnitude ~0,"00001, that are two orders smaller than achievement accuracy at the gravitational microlensing.

1 Кіріспе

Қазіргі көзқарас бойынша галактиканың жалпы морфологиялық құрылымы келесі компоненттерді құрайды: ортаңғы бөлік (галактиканың ядросы), оны қоршап тұрған балдж, газды шаң-тозаң диск, жұлдызды кластер және жасырын материя галосынан [1]. Жасырын материя галосы жалпы галактика массасының көп бөлігін (90% дейін) құрайтынын ескеру қажет.

Бұл жұмыста біз, галактикадағы жарықтың таралуына тек жасырын материя ғана әсер етеді деп жарықтың қозғалысын қарастырамыз. Бұл біздің, галактиканың ортаңғы бөлігінен алыс жатқан, өлшемі R болатындай қашықтықтағы, жарықтың қозғалысын қарастырып отырғанымызды білдіреді.

Галактиканың жалпы өлшемі r_0 тең деп есептейміз. Онда жарық сәулесінің қозғалыс аумағын $r_0 >> r >> R$ шарттарымен белгілейміз. Бұл жерде, $\frac{r}{r_0} << 1$.

Жасырын материя галосында жарық сәулесінің ауытқуын анықтау үшін кеңістікте таралуын білу қажет.

Жасырын материя нобайларының қатары әдебиттерде белгілі. Ол – Наварро-Френк-Уайт нобайы [2], Баркет нобайы [3], Эйнасто нобайы [4], Кравцов-Клыпин нобайы [5] және басқалар. Бұл нобайлардың әр қайсысы жарық сәулесінің қозғалысын түрлі эффектілерге апаратыны түсінікті. Бұл, галактика массасына байланысты өзін қоршаған кеңістік-уақытты өзгертуімен түсіндірілген. Ал кеңістік-уақыттың қисаюы [6] бойынша сәйкес эффектілі сыну көрсеткіші бар, ерекше орта деп қарастыруымызға болады.

Бұл жұмыстың мақсаты, жасырын материя галосындағы жарық сәулесінің қозғалысын әр түрлі нобайлармен көрсету және осындай ортада жарық сәулесінің көп ауытқу бұрышын табу үшін сыну көрсеткішінің орналасуын зерттеу. Өз кезегінде бұл, гравитациялық микролинзалау теориясын жақсартуға мүмкіндік береді.

2 Жасырын материя галосының сфералы - симмертриалы модельдері

Сфералы - симметриялы гравитациялық өрістің метрикасының жалпы түрін жазамыз

$$dS^2 = -e^{\lambda(r)}dr^2 - r^2(d\theta^2 + \sin^2\theta d\varphi^2) + e^{\nu(r)}c^2dt^2 , \qquad (1)$$

бұнда [7] бойынша,

$$e^{\lambda(r)} = 1 + \frac{8\pi G}{c^2 r}\int_0^r \rho(r) r^2 dr \ , \tag{2}$$

$$e^{\nu(r)} = \exp\int_r^\infty \left(\frac{8\pi G}{c^2}\left(\rho(r) + p\right) re^{\lambda} - \frac{d\lambda}{dr}\right) dr \ . \tag{3}$$

Бұл жерде $\rho(r)$ және $p(r)$ заттың тығыздығы және сәйкесінше оның қысымы. Енді бұл есебімізді шығару үшін бұл шамаларға нақты мән беруіміз керек. Жасырын материя нобайларының қатары әдебиеттерде көрсетілгені жайлы кіріспеде айтылып кеткен. Біздің жұмысымызда, қойылған мақсатқа жету үшін бұлардың кейбіреулерін ғана қолданамыз.

Навварро-Френк-Уайт нобайы үшін

$$\rho(r) = \frac{\rho_0}{\frac{r}{r_0}\left(1 + \frac{r}{r_0}\right)^2} \ , \tag{4}$$

алатынымыз

$$e^{\lambda(r)} = 1 + \frac{8\pi G}{c^2 r}\int_0^r \frac{\rho_0}{\frac{r}{r_0}\left(1 + \frac{r}{r_0}\right)^2} r^2 dr \ , \tag{5}$$

$$e^{\nu(r)} = \exp\int_r^\infty \left(\frac{8\pi G}{c^2}\frac{\rho_0}{\frac{r}{r_0}\left(1 + \frac{r}{r_0}\right)^2} re^{\lambda} - \frac{d\lambda}{dr}\right) dr \ . \tag{6}$$

Мұндағы, ρ_0 – жасырын материяның галактика ортасындағы тығыздығы. Интегралды есептеу кезінде интеграл астындағы шамаларды Тейлор қатарына қою үшін $\frac{r}{r_0} << 1$ шартын қолданамыз. Келесіде біз $\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right)$ ретінен жоғары емес қосындылармен шектелеміз. Келтірілген дәлдік

$$e^{\lambda(r)} = 1 + \frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right), \tag{7}$$

$$e^{\nu(r)} = 1 + \frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2 - \frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right). \tag{8}$$

аламыз.

Сондықтан жасырын материя галосының орталық-симметриялы гравитациялық өріс метрикасы мынадай

$$dS^2 = -\left[1 + \frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right] dr^2 - r^2(d\theta^2 + \sin^2\theta \ d\varphi^2) + \left[1 + \frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2 - \frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right] c^2 dt^2 , \tag{9}$$

Жарық сәулесінің қозғалысын зерттеуге, кейбір метрикаларда гравитациалық өріс сыну көрсеткішін табу үшін – 4 өлшемді интервалды нөлге теңестіру қажет екенін еске түсірейік [6]. Дегенмен орталық-симметриялы метрикада сыну көрсеткіші тек радиусқа байланысты болады, онда $\theta = \frac{\pi}{2}$, $\varphi = 0$ деп есептейміз. Олай болса (9) алатынымыз

$$-\left[1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right]dr^2+\left[1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2-\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right]c^2dt^2=0. \qquad (10)$$

Ортадағы жарық жылдамдығының қозғалысын енгізе отырып

$$\upsilon=\frac{dr}{dt}, \qquad (11)$$

(10) алатынымыз

$$\left[1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2-\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right]c^2=\left[1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right]\upsilon^2. \qquad (12)$$

Демек ортаның сыну көрсеткіші (біздің жағдайымызда жасырын материя галосының гравитациялық өрісі) анықтама бойынша

$$n=\frac{c}{\upsilon}, \qquad (13)$$

тең, онда жоғарыдағы (12) дәлдік бойынша сыну көрсеткішін табамыз

$$n=1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(1+\frac{r}{r_0}\right). \qquad (14)$$

Бұл жерде сыну көрсеткіші қашықтыққа байланысты тура пропорционал екені көрініп тұр.

Енді Баркет нобайын қарастырайық

$$\rho(r)=\frac{\rho_0}{\left(1+\frac{r}{r_0}\right)\left(1+\frac{r^2}{r_0^2}\right)}, \qquad (15)$$

$$e^{-\lambda(r)}=1-\frac{8\pi G}{c^2 r}\int_0^r\frac{\rho_0}{\left(1+\frac{r}{r_0}\right)\left(1+\frac{r^2}{r_0^2}\right)}r^2dr, \qquad (16)$$

$$e^{\nu(r)}=\exp\int_r^\infty\left(\frac{8\pi G}{c^2}\frac{\rho_0}{\left(1+\frac{r}{r_0}\right)\left(1+\frac{r^2}{r_0^2}\right)}re^{\lambda}-\frac{d\lambda}{dr}\right)dr. \qquad (17)$$

Бұл интегралды есептеу үшін, интеграл астындағы шамаларды Тейлор қатарына жіктеуге болады $\frac{r}{r_0}<<1$. Келесіде $\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right)$ ретінен жоғары емес қосындылармен шектелеміз. Келтірілген дәлдік бойынша

$$e^{\lambda(r)}=1, \qquad (18)$$

$$e^{\nu(r)}=1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right). \qquad (19)$$

Сондықтан жасырын материя галосының орталық-симметриялы гравитациялық өріс метрикасы мынадай

$$dS^2=-dr^2-r^2(d\theta^2+\sin^2\theta\ d\varphi^2)+\left[1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0 r\right]c^2dt^2. \qquad (20)$$

Бұл интервалды нөлге теңестіре отырып (20)-дан алатынымыз

$$dr^2 = \left[1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right)\right] c^2 dt^2 . \tag{21}$$

Ортадағы жарық жылдамдығының қозғалысын (11) анықтамасына қолдана отырып

$$\left[1+\frac{8\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right)\right] c^2 = \upsilon^2 . \tag{22}$$

Ортаның сыну көрсеткішін енгізе отырып, $n=\frac{c}{\upsilon}$, (22) ден сыну көрсеткішін табамыз

$$n = 1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right). \tag{23}$$

Сыну көрсеткіші қашықтыққа байланысты тура пропорционал екені осы жерден де көрініп тұр.

3 Галактикадағы жасырын материя галосының гравитациялық өрісте жарық сәулесінің ауытқуы

Жоғарыда алынған галактикадағы жасырын материя галосындағы гравитациялық өрісте жарық сәулесінің ауытқуын табу үшін, оптикада белгілі біртексіз ортаны жалпы түсінік ретінде қолданамыз [8]

$$\Delta\theta = \int_{-\infty}^{\infty}\frac{d}{dr}(\ln n)dr = 2\ln n \Big|_{-\infty}^{r} . \tag{24}$$

Біз жоғарыда алған барлық сыну көрсеткіштерін қайта жазамыз

$$n = 1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(1+\frac{r}{r_0}\right). \tag{25}$$

$$n = 1+\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right). \tag{26}$$

Егерде (24) формуласына (25) және (26) шамаларын қою арқылы қажетті есептеулер жүргізе отырып, келтірілген дәлдікпен табамыз.

$$\Delta\theta_{NFW} = 2\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(1+\frac{r}{r_0}\right), \tag{27}$$

$$\Delta\theta_B = 2\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2\left(\frac{r}{r_0}\right), \tag{28}$$

Осы бұрыштардың шамасына сан мән беру үшін, галактика ортасындағы жасырын материяның орташа тығыздығы $\rho_0 \sim 10(-23)\frac{г}{см^2}$, галактиканың типтік өлшемі $r_0 \sim 50МПс$, ал радиусы $r \sim 0{,}5МПс$ деп аламыз. Онда, $\frac{G}{c^2}\approx 10(-28)\frac{см}{г}$, ал $\frac{r}{r_0}\approx 10(-2)$ болатынын ескере отырып, басты көбейтіндіге $\frac{4\pi G}{c^2}\rho_0 r_0^2 \approx 3\cdot 10(-5)$ сан мәнін аламыз. Онда Наварро-Френк-Уайт ауытқу бұрышының $\Delta\theta_{NFW}\approx -6\cdot 10(-5)$ шамасын, ал Баркет ауытқу бұрышына − $\Delta\theta_B \approx 6\cdot 10(-5)$ шамасын аламыз. Сонымен қатар бұрыштық бірлікте (1" ≈ 5·10(-6)) аламыз.

$$\Delta\theta_{NFW} \approx +12'', \tag{29}$$

$$\Delta\theta_{B} \approx +12'', \tag{30}$$

4 Қорытынды

Алынған нәтижелерге сараптама жасай отырып, келесідей қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, алынған ауытқу бұрышының көрсеткіштері өте үлкен. Негізінде, гравитациялық өрістегі жарық сәулесінің ауытқу шамасы Күн $\Delta\theta = 1.75''$ тең [6] және (29) бен (30) көрсетулерден бір шама аз. Біздің есептеп тапқан сан мәндеріміз галактика ортасындағы жасырын материя тығыздығының шамасына байланысты екені айқын көрініп тұр. Егер одан әрі барлық Әлем үшін орташасын алатын болсақ ол $\rho_{DM} \sim 10(-30)\frac{г}{см^3}$ [9] тең, онда алынған ауытқу бұрыштардың радиандық өлшемі ~10(-12) немесе бұрыштық өлшемі ~0,"00001 тең болады. Галактиканың гравитациалық линзалауының осы уақытқа дейінгі жету дәлдігі 0,"001-ді беретінін байқайық.

Екіншіден, Баркет нобайы кезінде $\Delta\theta > 0$ болғандықтан, жарық сәулесін фокусқа жинау жүреді, ал Наварро-Френк-Уайт нобайы кезінде $\Delta\theta > 0$ болғандықтан, жарық сәулесін фокустан шашырату жүреді.

1. А.Д. Чернин, Всемирное антитяготение // Земля и Вселенная, 2007, №3, с. 26; Ю.Н. Гнедин, Темная материя - загадка Вселенной. (сонда 34 бет).
2. J.F. Navarro, C.S. Frenk, S.D.M. White, The structure of cold dark matter halos // arXiv: astro-ph / 9508025, 7 Aug. 1995.
3. A. Burket, The structure of dark matter in dwarf galaxies // arXiv: arstro-ph/9504041, XX Nov.1999.
4. R. Catena, P.Ullio. A novel determination of the local dark matter density // arXiv :09070018. V2. [astro-ph] 30 Jul.2009.
5. N.W. Evans, J.H, An. Distribution function of dark matter // arXiv: 0511687 V2 [astro-ph] 19 Nov.2005.
6. D. Herritt, J.E. Navorro, A. Ludlow, A. Jenkins. Universal density profile for dark and luminous matter // arXiv: 0502515 V1 [astro- ph] 24 Feb. 2005.
7. В.А. Фок, Теория пространства, времени и тяготения. М., Физматгиз, 1961.
8. Я.Б. Зельдович, И.Д. Новиков, Теория тяготения и эволюция звёзд. М., Наука, 1971.
9. П.Друде. Оптика. Л. - М., Гостехиздат, 1935.
10. А.Д. Чернин. Космический вакуум // Успехи физических наук. Т. 171 (1153–1175) 2001.

Авторлар шын көңілден өздерінің ғылыми жетекшісі профессор Л.М. Чечинге космологияның өзекті мәселелері мен оны шешу жолдарын таңдағаны үшін алғыстарын білдіреді!

ӘОЖ 37.016.02:004:371.26
А.С. Шаяхметова, Н.Ж. Оспанбекова, А.А. Абдильдаева

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

В статье рассматриваются научные основы теории педагогического тестирования в учебном процессе, модель деятельности преподавателя и создание интелектуальной системы во время экзамена. Тесты повышают уровень знания и позволяют повысит самооценку учащихся и являются эффективным средством повышения учебной мотивации. Описаны создание многовариантных тестовых заданий на основе эвристического, комбинированного алгоритма с помощью генератора. Так же затрагивается история развития теста, актуальность применение его в настоящее время.

The article is considered of testing in educational process, model of activity of the teacher and creation intellectual systems of the theory pedagogical during examination. Tests raise level of knowledge and allow will raise a self-appraisal of pupils and are an effective remedy of increase of educational motivation. Creation of multiple test tasks on the basis of the heuristic are described and combined algorithm by means of the generator. Also it shows the history of development of the test and urgency its application is mentioned now.

Әрдайым компьютерлік жүйелер мен компьютерді жетілдіру олардың қолданыс аумағын алдыға қарай жетелеп отырады. Сонымен қатар, күрделі программамен қамтамасыз ету, тасымалдауды зерттей келе адамзат қызметінің көбін компьютерге тасымалдау негізгі мәселеболып отыр. Қазіргі заман оқу мекемелерінде оқу процесінде программамен қамтамасыз етудің ролі жоғары, оған қашықтықтан оқыту технологиясын жатқызуға болады. Тәжірибиелі мекеме оқу процесінде қашықтықтағы білім, қашықтық технологиясы бойынша оқыту, компьютерлік оқу бағдарламасы (КОБ/КУП) оқыту сапасын жоғарлатуда маңызды рөл атқарады. Қазір кезде біраз жұмыстар істелуде, атап айтса, математика, қазіргі заманғы жаратылыстану пәндерінен және т.б компьютерлік оқулықтар жасалуда [2,3]. Сонымен қатар, компьютерлік емтихандар және бақылау жұмыстарын өткізу жүйесі жетілдірілді [1]. Желілік оқыту технологиясы (чат формасы бойынша кеңес, сайттарды қолдану) электрондық құжаттарды ақпараттық жүйе арқылы алмастыру. Білімді бақылау жүйесі, қашықтықтан оқыту технологиясының негізін құрайды. Сонымен бұл білімді бақылау жүйесінен шығарылған мамандардың білім сапасын көрсетуге болады. Білімді бақылау жүйесінің дамыған түрі құрылды, оған әртүрлі формадағы аралық бақылауды ұйымдастыру –компьютерлік бақылау жұмысының орындалуы, электрондық формада көрсетілген жазба жұмыстары, реферат, есептер; тест түріндегі компьютерлік емтихан өткізу. Студенттердің хаттарын оперативті өңдеуді қамтамасыз ету, жазба есептері, есептер немесе хаттамалар компьютерлік бақылау жұмыстары құрылған диспетчерлік бөлімге жіберіледі, онда почтамен келген 500 хатты қабылдап оны өңдейді. Оқу бөлімі орындаған емтихандық сессияның өтілуін талдау.[4]

1. Компьютерлік тестілеу жүйесін өткізуге хакерлер шабуыл ұйымдастырады.
2. Көптеген компьютерлік емтихандарға шпаргалкалар дайындалады.
3. Шпаргалкалар және бұзылған компьютерлік емтихандар арнайы сайттарға орналастырылады [5].

1. Кіруге рұқсат етілмеген қорғаныс жүйесін құру .
2. Шпаргалкадан қорғау ұйымы

3. Емтихандарды және бақылау жұмыстарын өткізу жүйесін жетілдіру.
4. Сайттарды жабу ұйымының жұмысы

Көрсетілген мәселелердің шешімінің бағыты тестік тапсырмалар генераторын қашықтықта бақылау және практикаға енгізу болып табылады. Генераторлар бір шетінен кіруге рұқсат етілмеген мәселелерді шешеді, алдын-ала дайындалған жауаптар болмайды, екінші жағынан әр студент жеке тапсырма алады. Бұл шпаргалка мәселесін шешеді. Сондықтан программа сұрау кезінде дұрыс жауапты генерациялайды. Дұрыс жауапты есте сақтау үшін, оның алгоритмдік шешімін білу керек. В.А. Бондарьдің арқасында лабораторияда құрал-саймандарды модельдеу және оқытуды ғылыми жүйесінің техникалық ұсыныс қойылды. Компьютерлік оқыту программасын және практикаға қашықтықта оқыту жүйесін енгізді. Ғылыми-техникалық ұсынысқа байланысты теориялық зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің негізгі екі түрі бар:

1. Мұғалімнің емтихан қабылдау негізіндегі моделдеу іскерлігі. Сұрақты синтездеу. Емтихан қабылдау негізінде интелектуалды жүйені құру.

2. Генератор құруда инженерлік әрекет жасау, эвристикалық және комбинарлық алгоритмдер негізінде көп нұсқалы тестік тапсырмалар және сұрақтар құрылады. Сапалы компьютерлік емтихан қабылдау жүйесін жетілдіру, бұл бағыт перспективалы болды. Бірақта бірінші әрекет мынадай сұрақтарға келді; жаңа заманға сай дамуы, жасанды интелект қанағаттандыратын шешімге ие болды. Осындай тапсырмалардың бірі – мәтінді өз тілінде түсіну, бұл жерден дұрыс сұрақтың жауабын синтездеу. Зерттеудің қортындысы бойынша бұл бағытта, тест сұрақтарын құрудағы мұғалімнің көмекшісі интелектуалдық жүйенің пайда болуына әкеп соғады. Екінші бағыт көп нұсқалы тест тасырмаларын және сұрақтарын генерациялайтын алгоритмдер тұрғызумен байланысты. Мысалы: математикалық әртүрлі есептердің параметрлерін өзгертуге болады және көптеген біртектес тапсырмаларды алуға болады. Осындай алгоритмдерді қолдану мүмкіндігін көрсететін қорытындылар осы обылыстарда анықталған. Екінші бағытты жетілдіре отырып: [3]

1. Тест сұрақтарын генерациялаудың математикалық алгоритмін құру.
2. Тест сұрақтарын генерациялаудың моделі мен алгоритмін құру.
3. Өзіндік генераторды құру технологиясын құрастырып енгізу.
4. Әр пән бойынша генератор сериясын құрастырып қашықтықта оқыту жүйесін практикаға енгізу болып табылады.

Енді қазіргі кезде білім бақылаудың бір түрі болып табылатын тестің тарихына шолу жасап өтейік.

Тестердің пайда болуы мен шығу тарихы

Тестердің нақты пайда болған уақытын табуды тарихшылар, географтардың жан-жаққа тарқап жатқан көлшіктердің басын табумен салыстырады. Егер біз көп таралған тестің анықтамасына жүгінетін болсақ, қысқа тарихи экскурсияның (Аванесов, 1994 ж.) көрсетуі бойынша, ағылшын тілінен аударғанда “test” сөзі (сынақ, тексеріс, сынама) ежелгі өркениеттен бүгінгі күнге дейінгі сынақтар бүкіләлем елдері өмірінің маңызды бөлігі болып саналып келген [1].

Біздің эрамызға дейін ІІІ-ші мыңжылдықтың ортасында Ежелгі Вавилонда мектеп бітірушілердің сынақтары өткізілген, ол жерде месопотамдық өркениеттің маңызды қолы - жазушылар дайындалған. Сонымен қатар маталарды ажырата білу, темірді, өсімдіктерді сонымен бірге барлық төрт арифметикалық іс-қимыл білімімен әрине жаза білуді тексерген. Осы тарихи мезгілде Қытайда үкімет шенеулігі лауазымына императордың өзімен берілген бақылау тапсырмаларынан өткен үміткер ғана тағайындалатын еді.

Ежелгі Египетте абыздардың өміріне тек қана белгіленген емтихан жүйесін, тексерістерді тапсырған адам ғана абыздар өміріне үйретілген. Ежелгі Греция мен Спартада әртүрлі сынақтардың қолданылғанын растайды. Парасат сынағының қорытындылары көбінесе ерекше ұлттық мақтаныш заты болып саналды. Ирандықтардың ақылдылықтарын тексеру үшін үнді патшасы Дев Сарам шахмат ойынын жібергендігі жайлы бізге мәлім. Бұл ойынның мәнін таба алмайды деп болжамдаған болатын, сондықтан да шарт бойынша Үндістанға жіберу керек болған. Бірақ Важургмихр уәзірі ойынның ережелерін түсініп қана қойған жоқ, өз кезегінде Үндістанға өзі ойлап тапқан ойын нарды ойынын жіберді. Ал үнділіктер оның құпиясын шеше алмаған.

Бір уақытта психологиялық стресс жағдайларын жасау мен сынақтарды қолданудың қызықты куәлігі діни чан-буддалық оқуы негізінде білімдерін тексеру болды. Чан жекпе-жек сұхбаттарында сұрақ қойылымының өзі таң қалдырады. "Айт, айт! Тез жауап бер" - деп айқайлаушы жетекшінің іс-қимыл бейнесі болды. Тәжірибелі жетекші білім деңгейін анықтайды және заттың мәнін түсінеді, сонымен қатар өзінің біліксіздігін жасыратын симулянттарды айқындайды деп болжамдаған болатын.

Ортағасырлық Вьетнамның анықталған тарихи кезеңінде жарыстар мен емтихандардың мемлекеттік аппарат шенеуліктерінің қайта аттестациядан өтуі елдің мықты және өмірге бейімді мемлекет болуына себеп болды. Ең жақсылардың аты-жөндері "алтын тізімге" кіргізіліп арнаулы тастарда қашалды, жеңіп шыққандар корольдан сыйлықтар алады. Шығыс елдерінде жазбаша бақылау жұмыстары мен емтихандар алу арқылы сынақ өткізу табиғи және қалыпты жұмыс болып саналды, ал батыс елдерінде психологиялық мінездеме сияқты қиындықтар, қалыпты ауызша нысандарды жазбаша бақылауға ауыстырудан туған қиындықтар шықты. [4]

Тест қозғалысының басшысы деп белгілі ағылшын ғалымы Оренсис Гальтонды айтуға болады. 1884-85 жж өз лабораториясында келушілерге сынақтар сериясын өткізді. Ол жерге 5 жастан 80 жасқа дейінгі балалар мен ересектер (барлығы 9337 адам) қатысты, олардың тез реакция етуі анықталды, салмағы, өкпелерінің өмірлік сыйымдылығы, сүйек күші (Гальтонның жаңалығы – бәріне әйгілі қол динамометрі) жұдырық пен ұрғандағы күш, бойы, көздің көруі анықталды. Сонымен қатар, әріптер мен түстерді айыру, бірқатар организмнің физиологиялық мүмкіншіліктері мен кейбір психикалық ерекшеліктеріне баға берілді. Әдістемелік тәртіптелген тестер байқаудың анықталған шарттарын талап ететінін Гальтон байқаған, бұл мыңжылдық сынақ тәжірибесі мен тексерулердің өз интуициясына негізделген маңызды қалдық болып саналады. Бірақ Гальтонның барлық сынақтарын тест деп бүгінгі позициядан санауға болады, ол объективті баға беру әдісі мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін құру жолында бірінші қадам жасады. Бақылау қорытындыларын өңдеу статистикалық идеяларды ұсыну Гальтонның маңызды қосылымдарының бірі болып табылады.

1884 жылы АҚШ-та математикадан тестік материалдары бар алғашқы кітап басылып шықты. Тарих, грамматика, новигациялар, тапсырмалар мен оларға жауаптар бес балдық шкала бағасымен қойылды. Сонымен қатар онда шығарманың шамамен сандық баға әдісімен бірге келтірілген мәтіндер болды. Бұл қарапайым статистикалық есептерді педагогикалық қызметте қолданған тарихта бірінші оқиға болды. 1980 жылы басылған жұмыста Кэттелл мәтіндерде өлшем құралының өлшенбейтін сияқты тұлғаның ерекшеліктерін бірінші рет кейбір ұйымдастыру ережелері мен тест өткізуді белгілеген: ұйымдастыру ережелері мен тестерді өткізу жақсы жабдықталған жайлар, ол жерлерге тест алатын кезде көрермендерді кіргізбейді, сыналушылардың бәріне бірдей нұсқау беріледі, олар не істеу керектігін нақты білу керек. Сонымен бірге оларға қорытынды балдарды сынауға кепілдеме берілген. Кэттелдің жеке тұлғаның дара ерекшеліктерін зерттеу түйінді мәселелер мен Гальтонның жұмыстары тестердің пайда болуына мүмкіндік жасады. Соған қарамастан XIX ғасырдың аяғында психология мен педагогикада қандайда болсын қорытындыларды өлшеу ұсынысы жат болатын. [2]

Қоғам мен ғылымның дамуына байланысты тестер мен оларға қойылатын талаптар өзгерді. Тест өзгерісі барлық педагогикалық өлшемдерінің басқа педагогикалық бақылау нысандарынан айырмашылығы нақты білінді, тестік тапсырмалар қиындықтарын бағалау ұсыныстары әзірленді. Қоғам мемлекеттік жүйені бақылау білімдерін әзірлеуге мұқтаждық 1890 жылы Нью-Йоркте жалпы мемлекеттік комитет құруға әкеп соқты, ол АҚШ колледждері абитуриенттерінің білімін тексерді.

XIX ғасырыдың аяғы XX ғасырыдың басында Ресейде тестерді әзірлеу мен қолдану сұрақтары қойылған да, талқыланған да жоқ. Білімді тексеруде екі қарама-қарсы тенденция болды: бірі - оқушылардың білімін бақылау, екіншісі - керісінше.

Тестердің пайда болуы Европада бірінші педагогикалық жүйелердің Коменскийдің, Ушинскийдің, Дистервегтің, Гербарт, Песталлоци және басқа педагогтардың жүйесінен біраз кешірек пайда болса да, олар Англия мен АҚШ-та жоғарғы оқу орындары мен мектеп ұстаздарына тез әйгілі болды, ал Францияда дефектологиялық және кәсіптік бағдар мақсатында кең қолданылғаны байқалды. Бірінші дүниежүзілік соғыс тестердің дайындалу белсенділігін кәсіби жарамдығын анықтауда және әскери іске қажет білім мен әдетін, ой-өрісі мен физикалық қасиеттері бар тұлғаның тез дайындауын арттырды.[1]

Ресейде жас Кеңестік мектеп әртүрлі педагогикалық жаңалықтар ашты, соның ішінде тестерді қолдануда 30-шы жылдардың ішінде-ақ әбден ойланатын шиеленісулер, қарама-қайшылықтар кездесті. Тесттер мен тест зерттеушілері санының өсуі оларға тыйым салу мен тоқтатуға әкелді. Баспасөзде тестерге басынан-ақ теріс қарады. Тестерге нақты тыйым салу қажетсіз ғылымға, ғылымдық бағыттарға және жеке ғалымдарға идеологиялық қысымшылық көрсету түрлерінің бірі болды. Әділетсіз зардап шеккендердің ішінде 20-шы жылдардың аяғында 30-шы жылдардың басында "Теория мен тәжірибие тестері" жинағын шығарған М.В. Басов, М.С. Бернштейн, П.П. Блонский, А.П. Болтунов, С.И. Василейский болды. Осылардың қатарына тағдыры қайғылы-логик, психолог, философ Г. И. Челпанов кірді.

Тестерді зерттеудегі тоқырау мен оларды қолдану қырық жылдай болды, 1970 жылдардың аяғына дейін, одан кейін қайтадан осы мәселе жайында басылымдар, тесті қолданудың пайдалылығына бағытталған және қарсы бағытталған басылымдар шықты. Әдеттегі оптимистердің тестік әдіс дәлелдері жалпы түрде келесі бекітулермен берілді:

- капиталисттік елдерде тестердің көмегімен нәсіл мен класқа бөлу сұрақтары шешілді;
- тесттерді қолдану тұлғалардың қасиеттерін кемітеді, әсіресе алған балдар орташа деңгейден төмен болғанда;
- ешқандай өлшем әдістері мұғалім мен оның жеке тәжірибесін ауыстыра алмайды;
- педагогикада ешқандай нақты өлшем бірліктері жоқ және болуы мүмкін емес, сондықтан да нақты емес әдістерді әзірлеуге уақытты, күшті, құралдарды бекерге жібермеу керек.

Осы бекітулерде қате және талас нәрселер көп. Нәсіл мен класқа бөлу мақсатымен қолданылатын тестерді кінәлауға болмайды. Қолданылатын басқа да әдістер сияқты олардың пайдасы да зияны да бар, ол идеологияға, саясатқа, біліктілікке, арнаулы нұсқамаларға және т.б. байланысты. Тұлғаның қасиеттерін кеміту мүмкіншіліктері жалық (ярлык) қағаздарды жапсыру және т.б., жағымсыз салдардың алдын алу, егер ол мәдениет жұмысында мүмкін болса тестерді қолдану мен сыналушыларға арнаулы ережелер әзірленді. Бұл ережелерде этикаға байланысты сұрақтар тұлғаның пайдасына шешілді. Этикалық шаманы сақтау кәсіби дайындықтың тестпен жұмыс жасаушылардың міндетті бөлігі болып саналады. Тестік әдістер мұғалім мен оның жеке тәжірибесін ауыстыра алмайды, керісінше, қайталанатын жұмыстардан босатып, көмектеседі, сонымен білім берудің сапасын жоғарлатуды топтау мүмкіндігін береді. Біздің елімізде тестердің болуы немесе болмауы туралы сұрақ қаралған кезде, АҚШ пен басқа елдерде тестердің сапасын жоғарлату, тестер қорытындыларын басқа сыналатын топтардың сол немесе басқа тапсырмаларынан тәуелсіз етуге тырысты. Бұл мәселелерді шешуде Нидерландтар, АҚШ, Англия, Жапония, Дания, Франция, Израиль, Финляндия, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және басқа елдер алысқа жылжыды. Бұл тізімге жоғарғы деңгейде өмір сүретін мемлекеттердің кіруі кездейсоқ емес. Бұл жерде тесті қолданудың табиғи байланысы тізбек арқылы көрсетіледі. Тестер білім сатысын жоғарылатады; білім сапасы басқару сапасымен байланысты саналы басқару алғышарты тұрғындар өмірінің санасын жоғарлатады. Қазіргі кезде Ресейде де тестке қызығушылық қалыпты өсті, тест теорияларын белсенді әзірлеу жүргізілді, қолдану практикасы, сонымен қатар жаңа ақпарат технологиясы арқылы осы тақырыпқа басылымдар саны көбейді, семинарлар мен конференциялар өткізілді. Осы кездегі өрлеудің дамуы, осылай аталғанда білімді толық игеру жүйесінің тестер мен тапсырмалары, тестік нысанда бүкіл оқу қимыл-қызметін мұғалімдер мен оқушылардың дербес компьютерді қолдануы қазіргі замандағы оқу процесін ұйымдастыру әдісі болып табылады. Оқу кіріс тестерінен басталады, одан кейін нысанындағы тапсырмалар көмегімен ағымдағы бақылаумен оқу жетістіктерін объективті тестілеумен аяқталады. Сонымен қатар тестер өзін-өзі бақылауды жөндеуге рұқсат береді. Оқуға ең пайдалы және білімді бақылаудың ізгілік нысаны және рейтинг жүйесін ұйымдастыру-оқу мотивациясын жоғарылатудың тиімді құралы болып табылады.[1,2]

1. Бидайбеков Е.Ы., Сагимбаева А.Е., Нурбекова Ж.К. Информатикадан оқушылардың білімін бақылау және бағалау әдістемесі. Әдістемелік құрал. Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы 2003,-Б.115-121.
2. Майоров А.Н. Теория и практика создания тестов для системы образования (как выбрать, создавать и использовать тесты для целей образования). М.: Народное образование, 2000.-352с.
3. Аванесов В.С. Научные основы тестового контроля знаний.- М.: Исследовательского центра, 1994.-135с.
4. Нұрбекова Ж.К., Сағымбаева А.Е. Білімді бақылаудың автоматтандыру тәжірибесі. // «XXI ғасыр басындағы инженерлік ғылым» халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. Алматы 2001, - Б.146.
5. Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау әдістемесі. // Канд.дисс.автореф. Алматы, 2004.